қатысуын қамтамасыз етті. Сонымен бірге, жеткіліксіз қаржыландыру, халықтың толық қамтылмауы және ұйымдастырушылық кедергілер сияқты бірқатар мәселелер сақталуда. МӘМС жүйесінің одан әрі даму бағыты оның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, сақтандырылған азаматтардың қамтылуын кеңейтуге, бақылау тетіктерін жетілдіруге және халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қолдауға бағытталуы тиіс.

2. МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

2.1 Зерттеу материалдары мен әдістері

Диссертациялық зерттеу жүргізу әдістемесінің ғылыми негізі медициналық көмек жүйесінің кезеңдері мен негізгі элементтерін бөліп көрсете отырып, Алматы қаласының мысалында Қазақстан Республикасының алғашқы медициналық – санитарлық көмек көрсету ұйымдарының ұйымдастырылуы мен қызметін зерделеуге жүйелі көзқарас болды.

Алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсететін ұйымдарды кешенді бағалау үшін төмендегі талаптарға сәйкес талдау жүргізілді.

- Белгіленген «нормадан» ауытқуларды талдау;
- Медициналық көмектің құрылымын, технологиялары мен нәтижелерін талдау;
- Медициналық қызмет ақауларына талдау жүргізу;
- Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен науқастарға жүргізілген сауалнаманы талдау.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі кешенді медициналық-әлеуметтік зерттеу әдістемесі болып есептеледі. Зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде келесі әдістер қолданылады: аналитикалық, әлеуметтанулық, нормативтік құжаттаманы талдау мазмұны, статистикалық (салыстырмалы және орташа шамаларды есептеу, салыстырмалы және орташа шамалардың айырмашылығының сенімділігін анықтау (Студенттік t критерий), жүйелік талдау, компьютерлік технологияларды қолдану, сараптамалық бағалау әдісі қолданылды.

Арнайы әзірленген зерттеу бағдарламасы қатарынан 5 кезеңді қамтыды, олардың іске асырылуы зерттеу міндеттерін шешімін табуға мүмкіндік берді (1-кесте).

Кесте 1 – Диссертациялық зерттеу бағдарламасы

Зерттеу кезеңі	Зерттеу нысаны	Зерттеу әдісі	Нәтижесі
1	2	3	4
1-кезең			
МСАК ұйымдастыру және сапа мен қолжетімділігін бағалау тәжірибесін зерттеу және талдау	212 шетелдік және отандық ғылыми ақпарат көзі	Ақпараттық-талдамалық	Тақырыптың өзектілігін негіздеу. Зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми-әдістемелік тәсілдерін әзірлеу.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
			Мақсат пен міндеттерді қою, зерттеу нысандары мен әдістерін анықтау.
2-кезең			
МСАК қолжетімділігін және сапасын сипаттайтын көрсеткіштерге талдау жүргізу	Алматы қ. Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының 2018-2022 жылдарға арналған дерекқоры	Статистикалық, аналитикалық	ҚР мен Алматы қаласындағы МСАК сапа және қолжетімділік көрсеткіштерін бағалау
3-кезең			
МСАК көрсету бойынша ҚР-ның нормативтік базасына талдау жүргізу	ҚР – ның «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі және негізгі нормативті құжаттар	Аналитикалық	МСАК көрсету бойынша ҚР-ның нормативтік базасы МӘМС жүйесінде
4-кезең			
МӘМС жүйесінде қолжетімділік пен сапаны МСАК деңгейінде дәрігерлер мен науқас көзқарасын зерттеу	Медициналық сақтандырылуы бар 18 жастан жоғары науқастар – 561, жалпы тәжірибе дәрігерлері – 116	Аналитикалық, социологиялық, статистикалық, сараптамалық.	МӘМС жүйесінде қолжетімділік пен сапаны МСАК деңгейінде дәрігер мен науқастар көзқарасымен деңгейін бағалау мәселелерін анықтау

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
5-кезең			
МӘМС жүйесінде МСАК ұйымын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу	Зерттеу нәтижелері	Аналитикалық	Қорытынды және ұсыныстар

Зерттеуде ақпараттық-талдамалық, статистикалық, социологиялық, сараптамалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде бақылау бірлігі ретінде:

- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың қолжетімділігі мен сапасы;

- Алматы қаласының №1,5,14,24,26-шы қалалық 5 емханалары.

Кесте 2 – Емханалар сипаттамасы және зерттеуге алынғандар

№	Емхана атауы	Тіркелген халық саны (шамамен)	Зерттеуге алынғандар саны
1	Алматы қ. қалалық емханасы №1	58 530	152
2	Алматы қ. қалалық емханасы №5	35 130	91
3	Алматы қ. қалалық емханасы №14	40 250	104
4	Алматы қ. қалалық емханасы №24	45 314	117
5	Алматы қ. қалалық емханасы №26	38 238	97
	Жалпы саны	217 462	561

Бірінші кезеңде әлемдегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың қолжетімділігі мен сапасын бағалаудың қазіргі тенденциялары зерттелді және әдеби дереккөздердің деректері бойынша алғашқы медико-санитарлық көмек ұйымдастыру және бағалау тәжірибесі жинақталды.

Кешенді ғылыми зерттеу жүргізілді, оның құрылымы бірнеше жобаларды қамтыды. Ғылыми жұмыстар мен ақпарат көздерін іздеу 2005-2024 жылдар аралығында ағылшын тілінде жарияланған денсаулық сақтау саласындағы Scopus, Web of Science, MedLine, PubMed, Google Scholar, e-Library.ru, CyberLeninka іздеу жүйелерінде жүргізілді. Бұл дерекқорлар алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орындарында жүргізілетін медициналық, мейірбике ісі және денсаулық сақтау саласындағы зерттеулердің негізгі дерекқорлары ретінде анықталды.

Тақырыптар мен тезистер мақалалардың қарауға жарамдылығын анықтау үшін қаралды. Тиісті шолулардың толық мәтіндері алынды және оқылды және қосу үшін анықталған анықтамалық тізімдер қосымша сәйкес зерттеулер үшін тексерілді.

Мақалалар қайталанатын болса, алынып тасталды; жалпы іздеу сұрақтары алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарына, сақтандыру қорларына, жалпы медициналық көмектің сапасын және қолжетімділігін бағалауға бағытталған.

Іздеу нәтижесінде 592 мақала табылды, оның 136-і шолуға енгізілді (1-сурет). Оның ішінде 3-і сапалық әдісті, 17-сі сандық әдісті, 3-еуі шолу мақалалары, қалған 2- мақала зерттеу аралас әдістер әдісін қолдану ретінде сипатталмады, бірақ сапалық және сандық құрамдастарды талап етті.

Екінші кезеңде ҚР-да МСАК қолжетімділігі мен сапасын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жай-күйіне талдау жүргізілді және Алматы қаласында 2018-2024 жылдардағы Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының деректер базасын пайдалана отырып, Алматы қаласындағы қалалық 5 МСАК көрсететін ұйымдардың статистикалық мәліметтеріне бағалау жүргізілді.


Ретроспективті зерттеуге Қазақстандағы, оның ішінде Алматы қаласында 2020–2024 жылдарға арналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі және амбулаторлық-емханалық және стационарлық жағдайларда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша медициналық көмек алатын барлық пациенттер қамтылды.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде төлеушілер санаттары бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарын сақтандырумен қамту, еңбек нарығының көрсеткіштері және медициналық қызметтердің әртүрлі түрлерін сатып алу жоспарының орындалуы туралы мәліметтерді пайдалана отырып ретроспективті зерттеу жүргізілді.

Аналитикалық және сипаттамалық талдаулар үшін төлеушілер санаттарының саны, олардың жалпы халық санындағы үлесі, стандартты ауыпқу (SD), t -тест нәтижелері және әрбір санат бойынша p -мәні туралы деректер алынды. Топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын анықтау үшін T -тест және p -мәні пайдаланылды. P -мәні (P) нөлдік гипотезаның ақиқаттығын ескере отырып, топтар арасындағы байқалатын айырмашылықтарды алу ықтималдығын көрсетеді. Егер p -мәні таңдалған маңыздылық деңгейінен аз болса (әдетте 0,05), айырмашылықтар статистикалық маңызды болып саналады. Нәтижелердің статистикалық талдауы SPSS 25.0 нұсқасының көмегімен орындалды (IBM, Armonk, NY, АҚШ).

Зерттеудің үшінші кезеңінде ҚР-ның «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, МӘМС қоры аясындағы бұйрықтар мен хаттамаларға алдау жүргізілді.

Төртінші кезеңде МӘМС жүйесінде қолжетімділік пен сапаны МСАК деңгейінде медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына қанағаттану дәрежесін айқындау мақсатында азаматтарға сауалнама жүргізілді.



Сурет 2 – Ғылыми мақалаларды іріктеу сызбасы

Зерттеуге Қазақстан Республикасының Алматы қаласының қалалық емханаларына алғашқы медициналық-санитарлық көмекке жүгінген 18 жастан асқан және 60 жасқа дейін 561 пациент қатысты.

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес сауалнама жүргізу үшін жалпы үлгі көлемі 561 респондент деп белгіленді. Бұл сан Алматы қаласының бес қалалық емханасына тіркелген тұрғындардың жалпы санына пропорционалды түрде бөлінді. Үлгіні қалыптастыруда әлеуметтік-гигиеналық зерттеулерде кеңінен қолданылатын пропорционалды стратификация әдісі пайдаланылды.

Алдымен тіркелген халықтың жалпы саны есептелді: №1 қалалық емханада – шамамен 58 500 адам, №5 емханада – 35 000, №14 емханада – 40 000, №24 емханада – 45 000 және №26 емханада – 38 000 адам. Барлығы – 216 500 тіркелген тұрғын. Осы көрсеткіш негізінде әрбір емхана үлесіне тиісті респонденттер саны төмендегі формула арқылы анықталды:

$$n_i = \frac{N_i}{N_{\text{жалпы}}} \times n$$

мұнда:

- n_i – іріктемеге алынатын респонденттер саны,
- N_i – белгілі бір емханаға тіркелген халық саны,
- $N_{\text{жалпы}}$ – барлық емханаларға тіркелген халықтың жиынтық саны,
- n – зерттеу үшін белгіленген жалпы үлгі көлемі (561).

Есептеу нәтижесінде үлгі көлемі келесідей бөлінді: №1 емханадан – 152 респондент, №5 емханадан – 91 респондент, №14 емханадан – 104 респондент, №24 емханадан – 117 респондент және №26 емханадан – 97 респондент.

Осылайша, зерттеу барысында әр емханадан алынған респонденттер саны тіркелген халықтың көлеміне сәйкес анықталып, жалпы 561 сауалнама жүргізілді. Бұл әдіс үлгінің репрезентативтілігін қамтамасыз етіп, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Әлеуметтанулық зерттеу жүргізу кезінде барлық этикалық қағидаттар мен ережелерді сақтау үшін жоба "KSPH" Қазақстан медицина университетінің этикалық мақұлдауына ие болды. Зерттеу Хельсинки декларациясына сәйкес жүргізілді және "KSPH" Қазақстан медициналық университетінің Жергілікті этикалық комитетінің этикалық комитетімен мақұлданды (03.07.2021 ж. IRB-147).

Ақпараттандырылған келісім нысанында Зерттеудің мақсаты, сұхбатқа қатысудың тәуекелдері мен артықшылықтары, балама процедуралар, сондай-ақ құпиялылық және ерікті қатысу туралы ақпарат көрсетілген. Жүргізуші келісім нысанының мәтінін ауызша түсіндірді және сарапшы қатысушылар зерттеудің мақсаттарын түсінгеннен кейін олардың әрқайсысынан оған қатысуға келісім алынды. Сұхбат берушілер келісім формасының мәтінін ауызша түсіндірді және қатысушылар зерттеудің мақсаттарын түсінгеннен кейін олардың әрқайсысынан оған қатысуға жазбаша келісім алынды. Барлық респонденттерге олардың қатысуы ерікті екендігі туралы хабарланды; жеке деректер пайдаланылмайды, тек жалпыланған ақпарат. Зерттеуге қатысушылар сондай-ақ олардың келісімі немесе бас тартуы олар алатын қызметтерге ешқандай әсер етпейтініне және осы сараптамалық бағалау үшін жиналған барлық ақпарат құпия болатынына және басқа адамдарға белгілі болмайтынына сенімді болды.

Нәтижелерге статистикалық талдау SPSS 25.0 нұсқасының (IBM, Армонк, Нью-Йорк, АҚШ) көмегімен жүргізілді. Сипаттамалық статистикаға сәйкес орташа және стандартты ауытқулар есептелген, P мәні <0.05 статистикалық маңызды болып саналды. Бұл зерттеуде айнымалылардың барлық санаттары үшін орташа мәндердегі айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы Стьюдент t критерийін (P мәні $<0,05$) қолдану арқылы анықталды:

$$n = \frac{t^2 pq}{\Delta^2}$$

мұндағы: n – қажетті бақылау саны,

t-сенімділік критерийі ($p < 0,05$ кезінде $t = 1,96$),

p-вариация көрсеткіші,

q-шамасы, кері p ($q = 100 - p$),

Δ - рұқсат етілген қате.

P = 50% (вариацияның ең үлкен көрсеткіші) және $\Delta = 10\%$ кезінде 95% сенімді интервалда бақылаулардың ең аз саны 96 құрайды.

Орташа салыстырмалы шаманың стандартты қатесін формуласы бойынша анықталды:

$$\pm \sigma_{\bar{x}} = \pm \sqrt{\frac{p \cdot q}{n}}$$

Бұл тәсіл екі орта шаманың немесе салыстырмалы көрсеткіштердің арасындағы айырмашылықтың кездейсоқтығын немесе шынайылығын, яғни бұл айырмашылықтар қандай-да бір фактордың нәтижесінен туындады ма әлде кездейсоқ па анықтау қажет болған жағдайларда қолданылады. Айырмашылықтың шынайылығын анықтауға арналған формулалар төмендегідей:

Орта шамалар үшін:

$$t = \frac{\bar{x}_1 - \bar{x}_2}{\sqrt{SE_1^2 + SE_2^2}}$$

Ал $t < 2$ болғанда сенім ықтималдығы $P < 95,5\%$. Бұл айырмашылықтың шынайы емес, кездейсоқ, яғни, қандай да бір заңдылықтан (қандай да бір фактордың ықпалынан) туындамағандығын көрсетеді.

3. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

3.1. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасы (МӘМС мысалында).

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405 - V ҚРЗ заңына сәйкес 2020 жылдан бастап елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі енгізілді. Осы Заң азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқықтарын іске асыру мақсатындағы әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі болып табылады. МӘМС жүйесін енгізудің негізгі себептері денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды ұлғайту, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру және нарық жүйесінің принциптарына сәйкес қызмет көрсетуші медициналық мекемелердің арасындағы бәсекелестікті дамыту.

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың енгізуі Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 еліне кіруі жөніндегі міндеттердің бірі болды. Заң қабылданғаннан кейін халық арасында жаңа жүйе бойынша ақпаратты түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін республикалық және облыстық штабтар құрылып, 2016-2019 жылдар аралығында бұл жұмыстар ауқымды және қарқынды жүргізілді. Кездесулер барысында және ақпарат құралдары арқылы бұл жүйенің негіздеріне түрлі көзқарастар жан-жақты талқыланып, қабылданған заңға қосымшалар енгізудің негіздері болды. Бұл уақытаралық кезең әртүрлі экономикаға әсер ететін факторларды (ЭКСПО-2017 көрмесіне үлкен кәсіпорындардың қаражаттарын жұмылдыру, мұнай өнімдерінің бағасының тұрақсыз болуы, халықты жұмыспен қамту, өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін таптың саны мен мәртебесін анықтау және т.б.), халықтың, әртүрлі қоғамдық ұйымдардың, сарапшылардың, ресми өкілетті органдардың ұсыныстары ескеріліп жан-жақты талқыланып, шешілмеген көп мәселелер бар екені анықталды. Жаңа жүйе салааралық қарым-қатынастарды, медициналық мекемелердің жұмыстарын реттейтін, дайындықтарын қамтамыз ету және де тағы басқа күрделі мәселелердің шешуін қажет екені анықталды. Еліміздегі және дүние жүзіндегі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, ішкі әлеуметтік және де басқа жағдайлар ескеріліп, негізгі Заңға 6 рет қосымшалар мен өзгертулер енгізілді. Енгізілген қосымшалар мен өзгертулер «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы №405-V ҚР Заңының 15.01.2026 ж. редакциясы негізінде құрастырылды (3-кесте).

Кестеде көрсетілгендей, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2017–2026 жылдар аралығында бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Өзгерістердің басым бөлігі МӘМС жүйесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін нақтылауға, жарналар мен аударымдарды төлеу тәртібін жетілдіруге, медициналық

көмектің қолжетімділігін арттыруға және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметін жетілдіруге бағытталған. Төлеушілер санаттары мен аударымдарды төлеу тәртібіне өзгерістер енгізілді. Жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін топтарға Бірыңғай жиынтық төлемі (БЖТ) енгізілді. Заңнамалық өзгерістердің едәуір бөлігі 14-бапқа енгізілген, бұл МӘМС жүйесіндегі төлеушілердің мәртебесі мен жауапкершілігінің үнемі жетілдіріліп отырғанын көрсетеді.

Еліміздегі және дүние жүзіндегі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, ішкі әлеуметтік және де басқа жағдайлар ескеріліп, жарналарды төлеу мен есептеу тетіктері нақтыланды, оның ішінде жұмыс берушілердің өздерінің жұмыскерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруына 2020 жылдан бастап төленетін жарнасының 5 пайыздан үш пайызға дейін төмендеді, арнайы топқа мемлекет бюджетінің есебінен төленетін жарна да өзгеріп, төлем нысаны республикадағы орта айлық көрсеткішінен медициналық айлық көрсеткішіне ауыстырылды.

Қазақстанда Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізудің бастапқы мерзімдері ресми түрде 2 рет кейінге шегеріліп, өзгертілді. Алғашында жүйені 2017 жылдың шілдесінде іске қосып, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап толыққанды аударымдарға көшу жоспарланған болатын. Алайда дайындық жұмыстарының жүргізілуіне байланысты мерзім 2019 жылға ауыстырылды.

Кейіннен заңнамаға түзетулер енгізіліп, сақтандыру жүйесіне медицинасына көшу мерзімі тағы бір жылға шегерілді. Нәтижесінде, МӘМС жүйесі бойынша жарналарды жинау толықтай іске қосылып, халыққа медициналық қызмет көрсету ресми түрде 2020 жылғы 1 қаңтарда басталды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізудің жоспары бойынша 1 сәуірге дейін барлық қазақстандықтар шартты түрде сақтандырылған деп саналды, сондықтан медициналық сақтандыру қорына аударған жарналарына қарамастан қызмет алуға мүмкіндік берілді, осы уақыт аралығында қажетті іс-қимылдар мен нормативті құжаттар нақтыланып, жүйе 1 сәуірден бастап толыққанды енгізілуі жоспарланған. Алайда Наурыз айында COVID – 19 инфекциясына байланысты карантиннің енгізілуі қордың жұмысына көп әсерін тигізді. Біріншіден, карантиндік шараларға байланысты көп ірі кәсіпорындардың жұмыс қарқындары төмендеді, ал орта және шағын кәсіпорындардың көпшілігі жұмыстарын мүлдем тоқтатуға мәжбүр болды, бизнес өкілдері жарналарды төлеуден босатылған. Екіншіден, медициналық сақтандыру қорына аударған жарналарына қарамастан, барлық қазақстандықтар шартты түрде 1 шілдеге дейін сақтандырылған деп саналды.

Кесте 3 – Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (денсаулық сақтау мәселелері) мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңдары

	Өзгеріс енгізілген Заңдар	Өзгерістің қысқаша мазмұны
1	2	3
1	22.12.2016 ж. № 29-VI ҚРЗ	Жарналарды төлеу 1.07.1917 ден1.07.1997 ауыстырды жүйені еңгізу 1.01.2018 жылға ауыстырылды
2	30.06.2017 ж. №80-VI ҚРЗ	Төлеушілер санаттары мен аударымдарды төлеу тәртібіне өзгерістер енгізілді
3	25.12.2017 ж. №122-VI	Төлеушілердің құқықтары толықтырылды
4	27.12.2017 ж. № 123-VI	Жүйені еңгізу 1.01.2020 жылға ауыстырылды
5	26.12.2018 ж. №203-VI	Бірқатар төлеуші санаттары) алынып тасталды Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) еңгізілді.
6	28.12.2018 ж. №208-VI	Жарналарды төлеу мен есептеу тетіктері нақтыланды
7	13.05.2020 ж. №327-VI	«Оралмандар» термині «қандастар» терминімен ауыстырылды
8	07.07.2020 ж. №361-VI	Қазақстан аумағында уақытша болатын шетелдіктерге қатысты нормалар нақтыланды
9	24.06.2021 ж. №52-VII	Төлеушілер құрамы мен міндеттері кеңейтілді
10	04.07.2022 ж. №134-VII	МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке құқық беру тәртібі өзгертілді
11	26.12.2022 ж. №168-VII	Жеке кәсіпкерлер мен өзге төлеушілер бойынша толықтырулар енгізілді
12	19.04.2023 ж. №223-VII	Медициналық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарына өзгерістер енгізілді. Қор қызметінің жекелеген функциялары қайта қаралды
13	23.12.2023 ж. №50-VIII	Сақтандырушы тараптың жарна төлеудегі жауапкершіліктеріне қосымшалар еңгізілді

3-кестенің жалғасы

1	2	3
14	15.03.2025 ж. №172-VIII	Қор активтері мен бюджет қаражатының сақталуын қамтамасыз ету туралы бап жаңа редакцияда қабылданды
15	25.04.2025 ж. №185-VIII	Уәкілетті органның құзыретіне өзгерістер енгізілді
16	24.06.2025 ж. №196-VIII	Төлеушілердің мәртебесі мен міндеттеріне қосымша өзгерістер енгізілді
17	14.07.2025 ж. №206-VIII	МӘМС қағидаттары жаңартылды
		МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке құқық туралы бап жаңа редакцияда қабылданды
		Денсаулық сақтау ұйымын таңдау құқығына өзгерістер енгізілді
		Қордың мәртебесі мен активтері және төлемдер туралы нормалар жаңартылды
18	18.07.2025 ж. №215-VIII	Төлеушілерге қатысты қосымша өзгерістер енгізілді. Әлеуметтік саламаттылықтың дағдарыстық немесе шұғыл деңгейіне жататын, жұмыс істемейтін адамдарды жергілікті атқару органдарының есебінен сақтандыру. Денсаулық сақтау субъектілерінің міндеттері толықтырылды
19	09.01.2026 ж. №256-VIII	Мемлекеттік корпорацияның 3-тармағына цифрлық жүйелер терминологиясы енгізілді
Ескерту. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405 - V ҚРЗ Заңына (2015–2026 жж.) енгізілген негізгі өзгерістер		

Коронавируспен күрестегі Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының рөлі. COVID – 19 инфекциясына байланысты карантиннің енгізілуі қордың қаржылық базасына көп әсерін тигізді. Біріншіден, көп кәсіпорындардың жұмыс қарқындары төмендеп, немесе жабылып қалғанына байланысты жарналар мен аударымдардың көлемі төмендеді, екіншіден, 2020 жылы коронавирус инфекциясымен күрес шеңберінде іс-шараларды қаржыландыру үшін қордың есебінен 187,7 млрд теңге бөлінді:

- медицина қызметкерлеріне үстемақыға – 110 млрд теңге;
- медициналық көмекке және КВИ таралуын тоқтатуға – 53,9 млрд теңге,
- провизорлық, карантиндік және инфекциялық стационарларға 384 мың адам емдеуге жатқызылды және емделді;
- ПТР диагностика қызметіне – 19,7 млрд теңге бөлінді, 1,9 млн-нан астам ПТР-тест жасалды;
- мобильді бригадалар үшін – 3,2 млрд теңге, 550 мыңға жуық шақыруға қызмет көрсетілді. (https://uchet.kz/news/187-mlrd-tenge-potratil-fond-sotsialnogo-meditsinskogo-strakhovaniya-na-borbu-s-koronavirusom-v-2020/?sphrase_id=21799044).

Жүйені еңгізу барысында қабылданған нормативті құқықтық құжаттарда Заңда қарастырылған медициналық көмектердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету нақтыланып, әртүрлі құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және халықтың талабына байланысты қайшылықтар анықталып, Заңға қосымшалар еңгізу қажеттігін көрсетті. Осы факторлардың барлығы 2020 - 2026 жылдар аралығында елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көптеген өзгерістер еңгізілуіне алып келді. Жоғарыда айтылып өткендей, өзгерістердің басым бөлігі МӘМС жүйесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін нақтылауға, жарналар мен аударымдарды төлеу тәртібін жетілдіруге, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметін жетілдіруге бағытталған. Төлеушілер санаттары мен аударымдарды төлеу тәртібіне, жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін топтарға өзгерістер еңгізілді.

Жарналар мен аударымдардың көлемі мен мерзімін сақтаудағы олқылықтарды, халықтың осал топтарын қорғау мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар еңгізу» туралы 2025 жылғы 14 шілдедегі № 206-VIII ҚРЗ Заңына сәйкес "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына ауқымды өзгерістер еңгізілді. Құжатта азаматтар үшін жарналардың көлемін шектейтін және төлем үзілген жағдайда сақтандыру мәртебесі алты айға дейін сақталатынына кепілдік беретін жаңа үлгі бекітілген. Халықтың осал топтарын қорғау үшін негізгі медициналық көмек пакеті сақтандыру мәртебесіне

қарамастан барлық азаматтар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік жағдайына байланысты МӘМС жүйесіне қосымша топтарды қамту қарастырылды. Сонымен қатар, қордың қаржы ресурстарын тиімді пайдалану үшін, халықтың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында 2027 жылдан бастап мемлекет кепілдік беретін тегін медициналық көмек көлемі (ТМККК) мен МӘМС пакеті арасындағы нақты айырмашылықты белгілейтін бірыңғай медициналық қызметтер пакеті енгізіледі. Осылайша әрбір азамат мемлекет кепілдік беретін қызметтерді және сақтандыру есебінен көрсетілетін қызметтерді нақты біле алады.

26 баптың 2-тармағына сәйкес Қорға төленуге жататын, мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға республикалық бюджет қаражатынан төленетін жарналары қайта бекітіліп 2037 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 4,7 пайызы мөлшерінде белгіленді.

“26-1-бап бойынша Мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жергілікті бюджет қаражатынан төленетін жарналары:

1. Мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жергілікті бюджет қаражатынан төленетін жарналары: 1) субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылған немесе жұмыс берушінің жұмыс орнында кәсіптік оқытуға жіберілген адамдарды қоспағанда, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар; 2) осы Заңның 26-бабының аталған адамдарды қоспағанда, Қазақстан 1-тармағында Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес соңғы үш ай бойы міндетті зейнетақы жарналарын аудармаған және әлеуметтік саламаттылықтың дағдарыстық немесе шұғыл деңгейіне жататын жұмыс істемейтін адамдар үшін төленеді

2. Реформаның мақсаты мемлекеттік және сақтандыру жүйелері арасындағы қайталанатын қызметтерді жою, медициналық көмекті нақты бөлу және оның халық үшін қолжетімділігін арттыру. Бірыңғай медициналық көмек пакеті 2026 жылдың қаңтарынан бастап іске қосылады. Реформа аясында қант диабетін емдеуге ерекше көңіл бөлінген және қаржыландыру толықтай МӘМС пакетіне енгізіледі. 2026 жылдан бастап диабетті ерте анықтау скринингтері, онкологиялық скринингтер барлық азаматтарға сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін жүргізіледі. Ал, дәрілік қамтамасыз ету көлемі үш есеге артып, 229 миллиард теңгеге жетеді. Енді сақтандырылмаған азаматтар да базалық медициналық көмектен тыс қалмайды. 2026 жылдан бастап жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік жағдайы қиын шамамен бір миллион азамат МӘМС жүйесіне қосымша қамтылады. Бұл халықтың тағы 5 пайызына жоспарлы медициналық көмек алуға мүмкіндік береді”.

Заңда тағы бір маңызды өзгеріс қарастырылған. Соңғы бес жыл бойы тұрақты түрде жарна төлеген азаматтар үшін сақтандырылған мәртебені сақтау мерзімі үш айдан алты айға дейін ұзартылды. Бұл уақытша қиындыққа тап болған адамдарға медициналық көмектен айырылмауға мүмкіндік береді.

Осылайша, заңнамалық базаның кезең-кезеңімен жаңартылуы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, халықтың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыруға және денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған.

3.2. Міндетті медициналық сақтандырумен халықты қамтуды талдау және МӘМС қоры қызметінің негізгі көрсеткіштері.

3.2.1. Жарна төлеу және сақтандыру көрсеткіштері

2017 жылғы 1 шілдеден бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) аударымдар, жарналар мен өсімпұлдар түсе бастады, яғни жүйені енгізудің алғашқы қадамдары қалыптаса бастады.

Жалпы алғанда, МӘМС жүйесіне тартылған адамдардың саны 2020 жылдың қаңтар айында 14,9 миллион адамға жетті, ал 2021 жылдың қаңтар айында 15,9 миллион адамға дейін өсті. Жүйе арқылы орташа жылдық қамту 85%-ды құрады.

2020 жылдың кезеңінде Қорға 550,2 млрд теңге түсті, бұл болжамды жалпы төлем сомасынан 101% құрайды (7,8 млрд теңгеге артық). Бұл ретте төлем сомасының 54,3% – мемлекет тарапынан төленген жарналар, 42,7% – жұмыс берушілердің аударымдары мен қызметкерлердің жарналары, 1,9% – жеке кәсіпкерлердің жарналары, қалғаны – 1%-дан аз. Аударымдар мен жарналар 17,4 млн адамға (соның ішінде мемлекет төлейтін жеңілдік категорияларындағы тұлғалар) жасалды, бұл халықтың 92,3%-ын құрайды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу құқығына ие адамдар саны 15,5 млн адамды немесе Қазақстан халқының 81,2%-ын құрайды.

Есептік жыл ішінде 751,5 млрд теңге түсті, бұл болжамды жалпы төлем сомасынан 102,2%-ға артық (15,9 млрд теңгеге көп). Бұл соманың 46,1%-ы – мемлекет жарналары, 52,3%-ы – жұмыс берушілер мен қызметкерлердің аударымдары, 1,5%-ы – жеке кәсіпкерлердің жарналары, қалғаны – 0,1%-дан азы.

Аударымдар мен жарналар 17,5 млн адамға (мемлекет төлейтін жеңілдікті категориялар да қосылған) жасалды, бұл халықтың 91,3%-ын құрайды. 2021 жылы төлемдер мен жарналарды уақытында төлемеу үшін алынған айыппұл сомасы 1,5 есе өсіп, 685,0 млн теңгені құрады.

2022 жыл қорытындысы бойынша, МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу құқығына ие адамдар саны 16,3 миллионды құрады, бұл Қазақстан халқының 82,3%-ын құрайды. Алдыңғы 2021 жылмен салыстырғанда өсу 1,1%-ды құрады.

2022 жыл қорытындысы бойынша 1 090,4 млрд теңге түсті, бұл болжамды жалпы төлем сомасынан 101,1%-ды құрайды (12,1 млрд теңгеге көп). Алдыңғы жылмен салыстырғанда түсімдер 45,1%-ға өсті, бұл тарифтың ұлғаюы, айлық есептік көрсеткіштің өсуі және төлемдер алынған тұлғалардың санының артуы әсер етті. Сонымен қатар, төлем сомасының 39,9%-ы – мемлекет тарапынан

жасалған жарналар, 56,1%-ы – жұмыс берушілердің аударымдары мен қызметкерлердің жарналары, 2,3%-ы – жеке кәсіпкерлердің жарналары, қалғаны – 1,7%.

Кесте 4 – 2020–2024 жылдары МӘМС қорына түскен жарналар мен аударымдар (млрд.теңге)

Жарналар түрі	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж	2024 ж
Мемлекет жарналары	298,8	346,5	435,2	392,5	289,3
Жұмыс берушілер аударымдары мен қызметкер-лер жарналары	234,9	393,0	611,6	756,1	876,7
Жеке кәсіпкерлердің жарналары	10,5	11,2	24,7	38,2	57,1
Басқа түсімдер	6,0	0,8	19,0	23,5	30,2
Барлығы	550,2	751,5	1 090,4	1 210,3	1 253,3
Өсу динамикасы (%)		36,6	45,1	11,0	3,6

Түсініктеме: Мемлекет жарналары - Жарналарды төлеуден босатылған тұлғалар үшін мемлекеттік бюджеттен төленген жарналар.

2020–2024 жылдары МӘМС жүйесіне түсетін жарналар мен аударымдардың жалпы көлемі 550,2 млрд теңгеден 1 253,3 млрд теңгеге дейін өсіп, 127,8%-ға артты. Өсімнің ең жоғары қарқыны 2022 жылы байқалды (+45,1%), бұл сақтандырылған халық санының ұлғаюымен, еңбек нарығындағы белсенділіктің артуымен және жарналар түсімдерінің көбеюімен байланысты болды.

Түсім құрылымында да елеулі өзгерістер орын алды. 2023 жылы жұмыс берушілер мен қызметкерлерден түскен төлемдер 756,1 млрд теңгені құраса, 2024 жылы 876,7 млрд теңгеге жетті. Ал жеке кәсіпкерлердің жарналары тиісінше 38,2 млрд теңгеден 57,1 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл экономикалық белсенді халықтың МӘМС жүйесін қаржыландырудағы рөлінің күшейгенін дәлелдейді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдан бері енгізілгенімен, барлық санаттағы тұлғалар толық сақтандырылмады (5-кесте).

Зерттеу нәтижелері міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар азаматтардың үлесі біртіндеп төмендегенін көрсетті. 2020 жылы аударымдар және (немесе) жарналар төленген тұлғалар 17 424,5 мың адамды немесе 92,3%-ды құраса, 2024 жылы 17 630,2 мың адамға дейін өсіп, жалпы халықтың санының 86,9%-ын құрады, яғни халықтың өсіміне байланысты қамту көрсеткіші 5,4% төмендеген.

2020–2024 жылдар аралығында аударымдар және (немесе) жарналар төленген тұлғалар саны мен МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар саны арасында айырмашылық байқалды. Бұл жағдай жарна төлеу

фактісінің автоматты түрде медициналық көмек алу құқығын ие болмайтынын көрсетеді. МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебені алу үшін төлемдердің белгілі бір кезеңішінде үздіксіз жүргізілуі қажет. Сондықтан кейбір азаматтарда жарна төленгенімен, төлемдердің үзілуі немесе соңғы айлардағы берешектің болуы салдарынан медициналық көмек алу құқығы уақытша шектелуі мүмкін.

2020–2024 жылдар аралығында МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар азаматтардың саны өзгеріп отырды, 15 845,5 (жалпы халықтың 83,9%) - 16 920,4 мың адам (83,4%) аралығында болды, 2021 жылы бұл көрсеткіш 81,2%, 2023 жылы - 80,9% дейін төмендеген. 2020–2024 жылдары жарна төлеушілер саны мен МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар саны арасында 8,4–10,1% аралығында айырмашылық байқалды. Жарналар төленген тұлғалар мен медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар арасындағы айырмашылық 2020 жылы 1 579,0 мың адамды (8,4%), 2021 жылы 1 940,3 мың адамды (10,1%), 2022 жылы 859,6 мың адамды (4,4%), ал 2023 жылы 1 378,1 мың адамды (6,9%) құрады, 2024 жылы көрсеткіш төмендеп, медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар саны мен жарна төлеушілер санымен айырмасы 3,5% дейін төмендегенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш 2021 жылы ең жоғары деңгейге жетіп, төлемдердің тұрақсыздығы мен сақтандырылған мәртебені сақтау мәселесінің өзекті болғанын көрсетеді.

2024 жылы айырмашылықтың төмендеуі сақтандырылған халық үлесінің артуымен және жарналар мен аударымдарды төлеу тәртібінің тұрақтануымен байланысты болды. Бұл МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтарды қамту деңгейінің жақсарғанын және сақтандыру мәртебесін анықтау тетіктерінің жетілдірілгенін көрсетеді.

Мемлекет тарапынан, жергілікті атқару мекемелері мен ұйымдарының елеулі жұмыстарына қарамастан, халықты сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар саны 2020–2024 жылдары 80,9-83,9% аралығында болды, абсолюттік деңгейі 3,0-3,8 млн. адам болды (5-кесте).

Оның ішінде 1,5 млн адам – өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздар. Бұл жағдай қосымша шаралар қабылдауды талап етті.

Халықтың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселесін шешу мақсатында олардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарай қолдау көрсетудің жаңа тәсілдері ұсынылды. Елімізде қабылданған Әлеуметтік кодекс бойынша халықтың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін айқындау мақсатында 2023 жыл отбасының цифрлық картасы енгізілген болатын.

2025 жылғы мағлұматтар бойынша шамамен 3,4 млн адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр. Олардың 2,4 миллионы – тұрмыс деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты және қанағаттанарлық азаматтар болса, 1 миллионы – әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және төтенше (E) деңгейдегі, яғни табысы төмен, отбасының негізгі қажеттіліктерін әрең өтейтін азаматтар.

МӘМС жарналарын төлеу міндетін жергілікті атқарушы органдарға азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша жүктеу ұсынылады. Бұл тәсіл халықаралық тәжірибеге сәйкес олардың қажетті медициналық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Кесте 5 –2020–2024 жылдары Қазақстан Республикасында халықтың МӘМС жүйесімен қамтылу көрсеткіштері (мың адам)

Төлеушілер санаттары	Қазақстан Республикасы бойынша									
	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл	
	Жалпы саны	Үлесі, %	Жалпы саны	Үлесі, %	Жалпы саны	Үлесі, %	Жалпы саны	Үлесі, %	Жалпы саны	Үлесі, %
Жалпы халық саны	18 877,7		19 132,1		19 754,8		20 015,0		20 286,1	
Аударымдар және (немесе) жарналар төленген тұлғалар	17 424,5	92,3	17 467,6	91,3	17 126,2	86,7	17 563,4	87,8	17 630,2	86,9
МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар	15 845,5	83,9	15 527,2	81,2	16 266,6	82,3	16 185,3	80,9	16 920,4	83,4
Айырмасы	1 579,0	8,4	1 940,3	10,1	859,6	4,4	1 378,1	6,9	709,8	3,5
Сақтандырылмаған халықтың жалпы саны	3 032,2	16,1	3 604,9	18,8	3 488,2	17,7	3 829,7	19,1	3 365,7	16,6

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (денсаулық сақтау мәселелері) мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2025 жылғы 14 шілдедегі №206-VIII Заңына байланысты әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтарды қорғау мақсатында 2027 жылдан бастап олардың жергілікті атқарушы органдардың жұмыссыздық деңгейін төмендету және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша тікелей жауапкершілігін ескере отырып, дағдарыстық (D) және төтенше (E) жағдайдағы, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарын төлеу шығындарын жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру бекітілді.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

(Отбасының цифрлық картасы деректері)




Сурет 3 – Халықтың әлеуметтік әл-ауқат деңгейлері

Дереккөз: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/ekonomika/759142-otbasynyn-cifrlyk-kartasy-degenimiz-ne>

Талдау көрсеткендей, төлемдердің тұрақсыздығы мен сақтандырылған мәртебені сақтау мәселелері халықтың МӘМС жүйесіне теріс көзқарасының қалыптасуына өзекті болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыс орындарының, кәсіпорындардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін, әлеуметтік маңызы бар мәселелерге жауапкершіліктерінің төменгі деңгейде болғанын көрсетеді. Осы факторлар МӘМС Заңына қатал өзгерістер енгізуді қажет етті және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажеттілігін көрсетеді.

2020–2024 жылдары МӘМС жүйесімен сақтандырылған халықтың үлесі 80,9–83,9% аралығында өзгергенін байқауға болады. Ең төменгі көрсеткіш 2023 жылы 80,9%-ды құрады, ал сақтандырылмаған халықтың үлесі осы жылы 19,1%-ға дейін өсті. 2024 жылы сақтандырылғандардың үлесі 83,4%-ға дейін артып, сақтандырылмағандар үлесі 16,6%-ға дейін төмендеді. Жалпы алғанда, зерттелген кезеңде көрсеткіштердің аздаған ауытқуына қарамастан, халықтың басым бөлігі МӘМС жүйесімен қамтылған (4-сурет).



Сурет 4 – МӘМС төлеушілер санаттары

3.2.2. Медициналық қызметтер көрсетушілермен МӘМС қоры жасасқан келісімшарттар көрсеткіштері

2019 жылы медициналық қызмет көрсетушілермен барлығы 1 417 келісім-шарт жасалса, 2020 жылы МӘМС жүйесі еңгізілгеннен кейін олардың саны 1 290-ға дейін төмендеген (6-кесте). Бұл төмендеу денсаулық сақтау жүйесінде жүргізілген ұйымдастырушылық өзгерістермен және пандемия кезеңіндегі қайта құрылымдау шараларымен байланысты. Алайда 2021 жылдан бастап келісімшарттар саны қайта өсіп, 2022 жылы 1 438-ге жеткен. 2023–2024 жылдары медициналық ұйымдармен жасалған келісімшарттар саны айтарлықтай артқан. 2023 жылы олардың саны 1 840 болса, 2024 жылы 1 921-ге дейін өскен. Бұл медициналық қызметтер нарығында жеке сектордың белсенді қатысуымен түсіндіріледі.

Көрсеткіштер құрылымына талдау жүргізгенде, 2019 жылында жеке медициналық сектордың халыққа медициналық қызмет көрсетуде елеулі орын ала бастағаны байқалады, яғни жалпы келісім шарттың 49% жеке медициналық сектордың үлесінде болған. 2020–2022 жылдары мемлекеттік және жеке ұйымдардың үлесі шамамен тең болғаны байқалады. Ал 2023 жылдан бастап жеке медициналық ұйымдардың үлесі едәуір өсіп, 64%-ға жеткен, ал мемлекеттік ұйымдардың үлесі 36%-ды құраған.

Сонымен қатар медициналық қызметтерді қаржыландыру көлемі де тұрақты түрде өсіп отырған. Егер 2019 жылы МӘМС қоры арқылы медициналық қызметтерді сатып алуға 955,0 млрд теңге бөлінсе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 1 411,9 млрд теңгеге дейін артқан. 2021 жылы қаржыландыру көлемі 1 445,6 млрд теңгені құрап, 2022 жылы 1 936,8 млрд теңгеге дейін ұлғайған. Кейінгі жылдары бұл үрдіс

жалғасып, 2023 жылы медициналық қызметтерді сатып алу көлемі 2 567,3 млрд теңгеге, ал 2024 жылы шамамен 2,8 трлн теңгеге жеткен.

Кесте 6 – Медициналық қызметтер көрсетушілермен МӘМС қоры жасасқан келісім-шарттар көрсеткіштері

пп	Келісім-шарт құрлымы	2019	2020	2021	2022	2023	2024
1	Келісім-шарт жасалынды	1 417	1 290	1 390	1 438	1 840	1 921
	Мемлекеттік медициналық ұйымдар	690 (49 %)	655 (51 %)	679 (49 %)	685 (48 %)	662 (36 %)	692 (36 %)
	Жекеменшік медициналық ұйымдар	727 (51 %)	635 (49 %)	711 (51 %)	753 (52 %)	1 178 (64 %)	1 229 (64 %)
2	Келісім-шарт сомасы (млрд.тг.)	955,0	1 411,9	1 445,6	1 936,8	2 567,3	2 800,0

Медициналық көмек көрсету формалары бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің құрылымы 2025 жылы т-мендег3дей болды:

- Бастапқы медико-санитарлық көмек – 738 денсаулық сақтау субъектісі, оның ішінде 341 жеке медициналық ұйым (46%);

- Консультативтік-диагностикалық көмек – 1 712 денсаулық сақтау субъектісі, оның ішінде 1 033 жеке МО (60%);

- Стационарлық көмек – 807 денсаулық сақтау субъектісі, оның ішінде 284 жеке (35%);

- Стационарды алмастыратын көмек – 1 233 денсаулық сақтау субъектісі, оның ішінде 661 жеке (54%);

- Жедел медициналық көмек – 260 денсаулық сақтау субъектісі, оның ішінде 29 жеке (11%);

- Санитарлық авиация – 27 денсаулық сақтау субъектісі, оның ішінде 1 жеке (4%).

Жалпы алғанда, талдау нәтижелері МӘМС жүйесінің дамуымен бірге медициналық қызмет көрсетушілер санының артып, жеке сектордың қатысу деңгейі жоғарылағанын көрсетеді. Сонымен қатар медициналық қызметтерді қаржыландыру көлемінің өсуі халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталғанын дәлелдейді.

3.2.3. Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын сипаттайтын 2019-2024 жылдар ішіндегі сандық және сапалық көрсеткіштер (МӘМС мысалында)

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу елдегі медициналық көмекті жетілдіру бойынша реформаның маңызды басымдықтарының бірі болып есептеледі. Бұл реформа өте күрделі болғандықтан және біртіндеп дамитын болғандықтан, қазіргі уақытта МӘМС жүйесінде медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі проблемаларын жан-жақты зерттеу жүзеге асырылуда.

Жалпы, әр жылдағы және әр параметрлер арасындағы статистикалық айырмашылықтар әр аумақтың ерекше ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік және экономикалық саясатқа сараланған тәсілдерді қабылдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Сонымен, 2020-2024 жылдар аралығындағы деректерді статистикалық талдау қағидатына сүйене отырып Алматы қаласының әртүрлі аудандарында бірнеше параметрлерде айтарлықтай айырмашылықтар бар екені белгілі. 2018 және 2020 жылдары Алатау және Наурызбай аудандарында тұрақты тұруға келгендердің жоғары пайызы болды (28,4% - 29,4%). Әуезов және Бостандық аудандары екі жылда да төмен мәндерді көрсетті (16,7% - 13,6%).

2019-2024 жылдар аралығы бойынша Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының №1, №3, №14, №24, №26 қалалық емханаларының халыққа медициналық көмек көрсету индикаторлары бойынша деректерді талдау жүргізілді (7-кесте).

Талданған деректер, № 1, 3, 14, 24 және №26 емханаларда халықтың медициналық көмекке жүгіну көрсеткіштерінің әртүрлі екенін көрсетеді. № 3 емханада бастапқы жылдарда жалпы келушілердің санында тұрақтылық бар, бір адамға шаққанда емханаға бару жылына 6,24 - 6,41 рет аралығында болған. Осындай тұрақтылық №24 емханада байқалады: 6,18 - 6,78 аралығында. Бұл емханаларда тіркелген қалықта да тұрақтылық бар, себебі ол аумақтағылар байырғы тұрғындар.


№ 14, 26 емханаларда тіркелушілер мен медициналық көмекке жүгінушілер арасында тұрақтылық жоқ, себебі бұл емханалардың аумағында көшу-қону себебтеріне байланысты жаңа тұрғындардың және тіркелішілердің саны өзгеріп отырған. Осы себептерге байланысты жан басына шаққанда емханаға бару жылына № 14 емханада - 6,62-9,23, № 26 емханада 3,80-8,61 аралығында болған (бұл емхана 2021 жылы кеңейтілген). Жалпы, емханалардың көпшілігінде дәрігердің орташа жүктемелері жоғары болғанын көрсетеді.

Кесте 7 – 2020-2024 жылдары аралығында Алматы қаласында емханаларға келушілер саны (жан басына шаққанда)

Емхана	2020 жыл			2021 жыл			2022 жыл			2023 жыл			2024 жыл		
	Барлық келушілер саны (мың)	Бекітілген халық саны (мың адам)	Жан басына шаққанда	Барлық келушілер саны (мың)	Бекітілген халық саны (мың адам)	Жан басына шаққанда	Барлық келушілер саны (мың)	Бекітілген халық саны (мың адам)	Жан басына шаққанда	Барлық келушілер саны (мың)	Бекітілген халық саны (мың адам)	Жан басына шаққанда	Барлық келушілер саны (мың)	Бекітілген халық саны (мың адам)	Жан басына шаққанда
№ 1	346,3	58,1	5,96	348,7	58,4	5,97	350,5	60,0	5,84	301,4	57,1	5,28	303,8	58,5	5,19
№3	422,0	65,8	6,41	418,1	66,4	6,30	422,0	67,1	6,29	284,8	45,6	6,24	301,9	47,9	6,30
№14	230,5	34,8	6,62	321,5	34,8	9,23	313,4	35,1	8,94	329,9	36,2	9,11	341,6	37,5	9,11
№24	229,1	34,5	6,64	213,3	34,5	6,18	232,8	35,7	6,51	245,6	37,0	6,64	258,9	38,2	6,78
№26	147,6	38,8	3,80	213,3	38,8	5,50	266,4	42,9	6,21	362,4	42,1	8,61	374,2	65,0	5,76

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу халыққа бейінді мамандардың көмегін жетілдіру. Бұл реформа өте күрделі болғандықтан және біртіндеп дамитын болғандықтан, қазіргі уақытта МӘМС жүйесінде медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі мәселелерін жан-жақты зерттеу жүзеге асырылуда.

Осы бағытта амбулаториялық қабылдаудағы дәрігерлерге қаралудың үлестеріне талдау жүргізілді (8-кесте, 5-сурет). Талдау бойынша негізгі 8 бейінді (акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер барлық хирургиялық бейін мамандары, онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және оториноларингологтар) мамандарға, мамандандырылған бейінді мамандарға және жалпы тәжірибелі дәрігерлерге жүгінудің көрсеткіштері анықталды. Бейінді мамандарға жүгіну Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық көмек көрсетудің ережелеріне сәйкес жүргізілген.



Сурет 5 – Амбулаториялық қабылдаудағы дәрігерлерге қаралудың үлестері

Талдау жүргізілген бес емхананың орташа көрсеткіштері бойынша 2019 жылы емханаға барған науқастардың жалпы тәжірибелі дәрігерлерге $52,62 \pm 0,24\%$ негізгі 8 бейінді мамандарға $44,51 \pm 0,24\%$, мамандандырылған бейінді мамандарға $2,90 \pm 0,08\%$ жүгінген, ал 2020 жылы еңгізілген жаңа ережелерге сәйкес дәрігерлерге жүгінудің арасалмағы өзгеріп, бейінді мамандарға қолжетімділік арта бастаған. Емханаға барған науқастардың жалпы тәжірибелі дәрігерлерге $44,3 \pm 0,12\%$, негізгі бейінді мамандарға $50,42 \pm 0,14\%$, мамандандырылған бейінді мамандарға $5,27 \pm 0,06\%$ жүгінген, 2021 жылы короновирусқа байланысты еңгізілген оқшандардырудан (карантин) кейін негізгі бейінді мамандарға жүгіну $51,46 \pm 0,12\%$, мамандандырылған бейінді мамандарға $6,47 \pm 0,07\%$ дейін көтеріген. Бұл көрсеткіштердің өзгерулерінің негізгі себептерінің бірі короновирус инфекциясы кезінде науқастардың бейінді мамандарға сұраныстарының артуына байланысты болуы мүмкін.

2022 жылдан бастап бейінді мамандарға жүгіну көрсеткіштері біртіндеп төмендей бастаған, бірақ мамандандырылған мамандарға жоғарғы деңгейде қалыптасып қалған. 2024 жылы науқастардың $46,91 \pm 0,1\%$ жалпы тәжірибелі дәрігерлерге, $45,83 \pm 0,1\%$ негізгі бейінді мамандарға барған. Бұл көрсеткіштер науқастардың қалыптасқан сұраныстары деп тұжырым жасауға болады.

Кесте 8 – Амбулаториялық қабылдаудағы дәрігерлерге қаралудың үлестері (бес емхананың көрсеткіштерінің негізінде)

Жылдар	Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және ЛОР дәрігерлері	Өзге мамандандырылған мамандар	ЖТД мен терапевтер
2019	$44,51 \pm 0,24\%$	$2,90 \pm 0,08\%$	$52,62 \pm 0,24\%$
2020	$50,42 \pm 0,14\%$	$5,27 \pm 0,06\%$	$44,3 \pm 0,12\%$
2021	$51,46 \pm 0,12\%$	$6,47 \pm 0,07\%$	$42,04 \pm 0,14\%$
2022	$46,48 \pm 0,10\%$	$7,14 \pm 0,05\%$	$46,35 \pm 0,10\%$
2023	$44,33 \pm 0,09\%$	$5,00 \pm 0,04\%$	$50,67 \pm 0,09\%$
2024	$45,83 \pm 0,10\%$	$7,27 \pm 0,05\%$	$46,91 \pm 0,10\%$

№ 1 емхананың 2019–2024 жылдары науқастардың дәрігерлерге қаралу құрылымында да статистикалық маңызды өзгерістер анықталды.

Негізгі бейінді мамандарға қаралу көрсеткіштері 2019 жылы $49,30 \pm 0,3\%$ -дан 2020 жылы $37,83 \pm 0,10$ -ға дейін төмендеді, 2021 жылы $47,01 \pm 0,09\%$ -ға көтерілген, содан кейін 2022-2024 жылдары аралығында $33,16 \pm 0,07\%$ дейін тұрақты түрде төмендеген ($p < 0,001$). Талдау көрсеткендей, бұл жылдары емханада бейінді мамандардың тапшылығы болған (9-кесте). Өзге мамандандырылған мамандарға қаралу үлесі $3,96 \pm 0,07\%$ -дан $8,18 \pm 0,04\%$ -ға дейін артты. Бұл көрсеткіште 2023-2024 жылдары тұрақтылық байқалады ($p < 0,001$).

Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтерге қаралу үлесі $46,74 \pm 0,19\%$ -дан $58,66 \pm 0,07\%$ -ға дейін өсіп, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлінің күшейгенін көрсетті ($p < 0,001$).

Кесте 9 – Алматы қаласындағы №1 қалалық емханада дәрігерлерге қаралу көрсеткіштерінің мамандар топтары бойынша құрылымы

Жылдар	Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және оториноларингологтар (ЛОР дәрігерлері)	Өзге мамандандырылған мамандар	ЖТД мен терапевтер
2019	49,30±0,19%	3,96±0,07%	46,74±0,19%
2020	37,83±0,10%	5,64±0,05%	56,52±0,10%
2021	47,01±0,09%	3,74±0,03%	49,25±0,09%
2022	38,35±0,08%	4,30±0,03%	57,35±0,08%
2023	36,15±0,07%	7,19±0,04%	56,66±0,07%
2024	33,16±0,07%	8,18±0,04%	58,66±0,07%

№ 3 емхананың 2019–2024 жылдары пациенттердің дәрігерлерге қаралу құрылымында статистикалық маңызды өзгерістер анықталды. 2019–2024 жылдары науқастардың бейінді мамандарға қаралу құрылымында тұрақтылық байқалды. Тек қана 2024 жылы акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер және басқа бейінді мамандарға қаралу үлесі 47,00±0,18%-дан 43,55±0,08%-ға дейін төмендеді.

Өзге мамандандырылған мамандарға қаралу үлесі 2019 жылы 2,13±0,05% деңгейінде болса, 2020-2021 жылдары күрт өсіп, 6,71±0,05%-ға дейін көтерілді, 2022-2024 жылдары төмендеп 4,08±0,03%-ға дейін жетті.

Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтерге қаралу үлесі 2019 жылы 50,87±0,18%-дан 2021 жылы 44,84±0,09%-ға дейін төмендеп 2024 жылы 52,53±0,08%-ға дейін артты ($p < 0,001$).

Кесте 10 – Алматы қаласындағы №3 қалалық емханада дәрігерлерге қаралу көрсеткіштерінің мамандар топтары бойынша құрылымы

Жыл	Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және оториноларингологтар (ЛОР дәрігерлері)	Өзге мамандандырылған мамандар	ЖТД мен терапевтер
2019	47,00±0,18%	2,13±0,05%	50,87±0,18%
2020	47,42±0,10%	4,92±0,05%	48,55±0,10%
2021	48,45±0,09%	6,71±0,05%	44,84±0,09%
2022	44,47±0,08%	4,30±0,03%	51,39±0,08%
2023	47,10±0,08%	5,03±0,03%	47,87±0,08%
2024	43,55±0,08%	4,08±0,03%	52,33±0,08%

№14 емхана бойынша 2019–2024 жылдары пациенттердің дәрігерлерге қаралу құрылымында біркелкі емес динамика айқын байқалды.

Бейінді мамандарға қаралу үлесі 2019 жылы 35,03±0,20% деңгейінде болса, 2020-2021 жылдыр аралығында 45,39±0,10%-ға дейін көтерілді, одан кейін қайта төмендеп 2024 жылы 33,89±0,09% деңгейінде болды.

Өзге мамандандырылған мамандарға жүгіну жиілігі 2021 жылы 9,43±0,06%-ға дейін артып, ең жоғары шегіне жетті. 2022–2023 жылдардағы төмендеуден кейін 2024 жылы 7,56±0,04%-ға дейін қайта көтерілді.

Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтерге қаралу үлесі 53,59–61,72% аралығында сақталып, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлінің күшейгенін көрсетті. зерттеу кезеңінде басым үлесті құрады.

Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтердің қаралу құрылымындағы басымдығы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің жетекші рөлін айқындайды.

Кесте 11 – Алматы қаласындағы №14 қалалық емханада дәрігерлерге қаралу көрсеткіштерінің мамандар топтары бойынша құрылымы

Жылдар	Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және оториноларингологтар (ЛОР дәрігерлері)	Өзге мамандандырылған мамандар	ЖТД мен терапевтер
2019	35,03±0,20%	3,25±0,05%	61,72±0,20%
2020	40,83±0,12%	5,58±0,06%	53,59±0,12%
2021	45,39±0,10%	9,43±0,06%	45,18±0,10%
2022	31,93±0,09%	6,38±0,04%	61,69±0,09%
2023	37,05±0,09%	5,10±0,04%	57,85±0,09%
2024	33,89±0,09%	7,56±0,04%	58,55±0,09%

24 емхана 2019–2024 жылдары №24 қалалық емханада пациенттердің дәрігерлерге қаралу құрылымында үлестік арақатынасы вариативті динамикамен сипатталды. Бейінді мамандарға қаралу үлесі 39,81±0,24%-дан 40,20±0,10%-ға дейін салыстырмалы тұрақты деңгейде сақталды.

Өзге мамандандырылған мамандарға қаралу үлесі 4,85±0,07%-дан 5,88±0,05%-ға дейін өсті, ал 2022 жылы ең жоғары көрсеткіш тіркелді (12,55±0,07%).

2019 жылы ЖТД мен терапевтерге жүгіну 61,72±0,20%-ды құрап, қаралу құрылымында жетекші орын алды. 2020–2021 жылдары бейінді және өзге мамандандырылған мамандар үлесінің артуы байқалды: 2021 жылы олардың көрсеткіштері тиісінше 45,39±0,10% және 9,43±0,06%-ға жетті. Осы кезеңде ЖТД мен терапевтерге қаралу 45,18±0,10%-ға дейін азайды.

2022 жылы қаралу құрылымында кері арақатынас қалыптасып, ЖТД мен терапевтердің үлесі 61,69±0,09%-ға дейін жоғарлағанын, ал бейінді мамандарға жүгіну 31,93±0,09%-ға дейін төмендегенін байқауға болады (12-кесте).

Кесте 12 – Алматы қаласындағы №24 қалалық емханада дәрігерлерге қаралу көрсеткіштерінің мамандар топтары бойынша құрылымы

Жылдар	Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және оториноларингологтар (ЛОР дәрігерлері)	Өзге мамандандырылған мамандар	ЖТД мен терапевтер
2019	39,81±0,24%	4,85±0,07%	55,34±0,24%
2020	44,86±0,13%	9,62±0,08%	45,52±0,13%
2021	40,12±0,11%	9,70±0,07%	50,18±0,11%
2022	39,73±0,10%	12,55±0,07%	47,72±0,10%
2023	40,57±0,10%	6,16±0,05%	53,27±0,10%
2024	40,20±0,10%	5,88±0,05%	53,92±0,10%

2019–2024 жылдар №26 емхана аралығында пациенттердің дәрігерлерге қаралу құрылымында айқын, бірақ жалпы алғанда салыстырмалы түрде тұрақты үрдістер байқалады.

Бейінді мамандарға (акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер және т.б.) қаралу үлесі зерттеу кезеңінде 2019 жылы 52,62±0,24% деңгейінде болса, 2020 жылдан бастап бірқалыпты төмендеп 42,04±0,14%–45,83±0,10% аралығында болды өзгеріп, жалпы құрылымда жетекші орындардың бірін сақтаған.

Өзге мамандандырылған мамандарға қаралу үлесі 2,90±0,08%-дан 7,27±0,05%-ға дейін өзгерген, кейбір жылдары ең жоғары көрсеткішті иеленген. Бұл санаттың медициналық көмекке жүгіну құрылымындағы тұрақты жоғары үлесін көрсетеді.

Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтерге қаралу үлесі 2019 жылы ең төмен деңгейде 44,51±0,24%- болды.

Дегенмен, 2020 жылдан кейін бұл көрсеткіште біртіндеп өсу тенденциясы байқалады, бірақ та ауытқу деңгейлерінде тұрақсыздық анықталды, яғни жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтерге қаралуда олқылықтар орын алғанын білдіреді.


Кесте 13 – Алматы қаласындағы №26 қалалық емханада дәрігерлерге қаралу көрсеткіштерінің мамандар топтары бойынша құрылымы

Жыл	Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және ЛОР дәрігерлері	Өзге мамандандырылған мамандар	ЖТД мен терапевтер
2019	52,62±0,24%	2,90±0,08%	44,51±0,24%
2020	42,04±0,14%	6,47±0,07%	51,52±0,14%
2021	44,68±0,12%	5,97±0,06%	49,36±0,12%
2022	46,48±0,10%	7,14±0,05%	46,35±0,10%
2023	44,33±0,09%	5,00±0,04%	50,67±0,09%
2024	45,83±0,10%	7,27±0,05%	46,91±0,10%

2019–2024 жылдар аралығында 1, 3, 14, 24 және 26-емханалар деңгейінде пациенттердің дәрігерлерге қаралу құрылымында статистикалық тұрғыдан маңызды өзгерістер анықталды (барлық жағдайларда $p < 0,001$).

Зерттеу нәтижелері медициналық көмекке жүгіну құрылымының айқын саралануын және динамикалық қайта бөлінуін көрсетеді.

Акушер-гинекологтар, кардиологтар, эндокринологтар, хирургтер (барлық хирургиялық бейін мамандарын қоса алғанда), онкологтар, офтальмологтар, невропатологтар және оториноларингологтарға қаралу үлесі бірқатар емханаларда төмендеу немесе салыстырмалы тұрақтылық тенденциясын көрсетті. Бұл топтың үлесі зерттеу кезеңінде жалпы құрылымның елеулі бөлігін құрағанымен, кейбір мекемелерде төмендеу үрдісі байқалады.



Сурет 6 – Емханалардағы дәрігерлерге қаралу құрылымының динамикасы.

Өзге мамандандырылған мамандарға қаралу үлесі барлық емханалар бойынша жоғары деңгейде сақталып, кейбір жағдайларда арту динамикасын көрсетті. Бұл көрсеткіш медициналық қызметтер құрылымында тар бейінді мамандарға жүгіну жиілігінің тұрақты түрде басым екенін айқындайды.

Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен терапевтерге қаралу үлесі барлық зерттелген емханаларда ең төмен деңгейде болғанымен, барлық нысандарда біртіндеп өсу үрдісі байқалды. Бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлінің күшейіп келе жатқанын және пациент ағындарының бір бөлігінің бастапқы буынға қайта бағытталу тенденциясын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер денсаулық сақтау жүйесінде бейінді және өзге бейінді мамандарға жүктеменің сақталатынын, сонымен қатар ЖТД мен терапевтер рөлінің кезең-кезеңімен артып келе жатқанын дәлелдейді.

3.3. Консультациялық-диагностикалық қызметтерді тұтыну

Қордың медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттырудағы негізгі рөлі және уәкілетті органның саясатын іске асыру денсаулық сақтаудың басым бағыттарының бірі. Осы мақсатқа жету мақсатында Қор белгілі бір жұмыс атқарды. Амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсету қызметін қаржыландыру кезінде міндетті сақтандыру жүйесін кезең-кезеңімен енгізу кезеңінде диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес диагностикалық қызметтер кешенін қамтамасыз етуге бағытталған есебінен, оның ішінде диагностиканың

жоғары технологиялық әдістерінің лимитін кеңейтуді ескере отырып, консультациялық-диагностикалық көмекті тұтынудың өсуі байқалады.

Диагностика шеңберінде жүргізілетін консультациялық-диагностикалық қызметтерді тұтыну халықтың алғашқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – МСАК) мамандарына өтініштерінің өсуі есебінен де ұлғайды. Егер 2020 жылы МСАК дәрігерінің 1 қабылдауына 2,8 консультациялық-диагностикалық қызмет қажет болса, онда 2021 жылы – 4 қызмет, ал 2022 жылы – 6 қызмет. МӘМС жүйесін енгізу нәтижесінде 2020 жылдан бастап мамандандырылған медициналық көмекті қаржыландыру көлемінің қарқынды өсуі амбулаториялық жағдайда байқалады.

Консультациялық-диагностикалық қызметтерге жолдамалардың жалпы саны 2020 -2024 жылдар аралығында тұрақты өсу трендіні көрсетеді, бұл осы қызметтерге сұраныстың айтарлықтай артқанын көрсетеді.

Диагностикалық қызметтердің жалпы санының динамикасын талдау нәтижелері 2020–2024 жылдар аралығында зерттелген қызметтердің басым көпшілігі бойынша айқын өсу үрдісінің қалыптасқанын көрсетті. Ең жоғары абсолюттік көлем УДЗ зерттеулерінде тіркеліп, көрсеткіш 2020 жылғы 288 652 зерттеуден 2022 жылы 590 049 зерттеуге дейін өсті (+104,4%), алайда 2023 жылы УДЗ қызметтерінің көлемі 15,7%-ке төмендегені байқалды, дегенмен 2024 жылы 2020 жылмен салыстырғанда +82,5% зерттеуге дейін өсті. Бұл пандемия кезеңінен кейін де УДЗ зерттеулері диагностикалық қызметтер құрылымында жоғары сұраныс деңгейінде қалғанын көрсетеді (14-кесте) .

Рентгенография және рентгеноскопия зерттеулері бойынша тұрақты өсім байқалды. Қызмет көлемі 2020 жылғы 137 280 жағдайдан 2024 жылы 304 577 жағдайға дейін артып, жалпы өсім 121,86%-ды құрады. Жыл сайынғы өсім қарқыны 13,96–42,97% аралығында сақталып, аталған диагностикалық әдістің жоғары сұранысқа ие болғанын көрсетті.

Магниттік-резонанстық томография зерттеулері ең қарқынды дамыған диагностикалық бағыттардың бірі болды. Жалпы МРТ көлемі 18 721 зерттеуден 67 541 зерттеуге дейін өсіп, бес жылдық кезеңдегі жиынтық өсім 260,78%-ды құрады. Әсіресе жалпы МРТ көлемі 2022 жылы 74 680 зерттеуге жетіп 4 есеге жуық өсті. Буындар мен сүйектердің МРТ зерттеулерінде тұрақты түрде өсім байқалып, ең жоғары көрсеткіш 2024 жылы 564,8% - ке артты. Сонымен қатар құрсақ қуысы МРТ (+403,15%), омыртқа МРТ (+249,9%) және мидың МРТ (+188,5%) зерттеулері бойынша да айтарлықтай өсім тіркелді. Бұл жоғары технологиялық диагностикалық қызметтердің қолжетімділігінің артуын және халықтың оларға деген сұранысының өскенін көрсетеді.

Компьютерлік томография зерттеулері бойынша да елеулі өсім байқалды. Жалпы КТ көлемі 2020 жылғы 17 121 зерттеуден 2024 жылы 52 772 зерттеуге дейін ұлғайып, жалпы өсім 208,23%-ды құрады. Буындар мен сүйектердің КТ зерттеулері бойынша ең жоғары өсім тіркеліп (+522,50%), зерттеу көлемі алты еседен астам

артты. Сондай-ақ ағзалар мен іш қуысының КТ (+355,03%), мидың КТ (+298,69%) және мойын КТ (+267,03%) зерттеулерінің көлемі де бірнеше есе өсті. Бұл кезеңде КТ технологияларының клиникалық тәжірибеде кеңінен қолданылуы және COVID-19 пандемиясы жағдайында диагностикалық қажеттіліктің жоғарылауы маңызды рөл атқарған болуы мүмкін.

Эндоскопиялық зерттеулердің динамикасы басқа қызмет түрлерінен ерекшеленді. 2020–2022 жылдары көрсеткіш 108 363-тен 344 170 жағдайға дейін өссе, 2023 жылы күрт төмендеп, 56 681 жағдайды құрады (-83,53%). Нәтижесінде 2024 жылғы көрсеткіш 87 748 жағдайға жеткенімен, 2020 жылғы деңгейден 19,03%-ға төмен болды. Бұл өзгерістер пандемия кезеңінде жоспарлы эндоскопиялық зерттеулердің уақытша шектелуімен және кейінгі жылдары қызмет көрсету құрылымының қайта ұйымдастырылуымен түсіндірілуі мүмкін.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері 2020–2024 жылдары консультативтік-диагностикалық қызметтердің көлемі едәуір артқанын көрсетті. Ең жоғары өсім буындар мен сүйектердің МРТ (+564,83%), буындар мен сүйектердің КТ (+522,50%), құрсақ қуысы МРТ (+403,15%) және ағзалар мен іш қуысының КТ (+355,03%) зерттеулерінде байқалды. Бұл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі, диагностикалық инфрақұрылымның кеңеюі, заманауи зерттеу әдістерінің қолжетімділігінің артуы және халықтың медициналық көмекке жүгіну белсенділігінің жоғарылауымен байланысты болуы ықтимал.

2020–2024 жылдар аралығында Алматы қаласында диагностикалық қызметтердің 10 000 халыққа шаққандағы көрсеткіштерінің динамикасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Зерттеу нәтижелері диагностикалық қызметтердің қолжетімділігі мен пайдалану жиілігінің артқанын, сондай-ақ халықтың жоғары технологиялық зерттеу әдістеріне деген сұранысының өскенін көрсетті (14-кесте).

Рентгенография және рентгеноскопия қызметтерінің көлемі зерттелген кезеңде тұрақты өсу үрдісін көрсетті. Көрсеткіш 2020 жылғы $705,07 \pm 1,90$ -нан 2024 жылы $1365,82 \pm 2,47$ -ге дейін артып, 93,7%-ға өсті. Бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында сәулелік диагностиканың қолжетімділігінің кеңейгенін және профилактикалық тексерулер көлемінің ұлғайғанын көрсетеді.

Ультрадыбыстық зерттеулер (УДЗ) барлық диагностикалық қызметтер ішінде ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Көрсеткіш 2020 жылғы $1482,52 \pm 2,76$ -дан 2024 жылы $2362,74 \pm 3,26$ -ға дейін артты. 2022 жылы ең жоғары деңгейге ($2729,44 \pm 3,69$) жетіп, кейінгі жылдары біршама төмендегенімен, пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары деңгейде сақталды. Бұл халықтың скринингтік және диагностикалық зерттеулерге жүгіну белсенділігінің артуымен түсіндіріледі.

МРТ қызметтерінің 2020–2024 жылдары аралығындағы динамикасы кеңесті-диагностикалық көмекте жетекші орын алғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер МРТ зерттеулерінің жиі тағайындалуымен байланысты.

Жалпы МРТ көлемі $96,15 \pm 0,70$ -тен $302,87 \pm 1,17$ -ге дейін өсіп, $214,9\%$ -ға артты. Әсіресе омыртқа МРТ-сы бойынша көрсеткіш $33,50 \pm 0,41$ -ден $102,35 \pm 0,68$ -ге дейін, ал мидың МРТ-сы $43,49 \pm 0,47$ -ден $109,53 \pm 0,70$ -ке дейін өсті. Буындар мен сүйектердің МРТ көрсеткішінің $5,68 \pm 0,17$ -ден $32,98 \pm 0,39$ -ға дейін ұлғаюы ($+480,6\%$) жоғары технологиялық диагностиканың белсенді дамуын көрсетеді.

Компьютерлік томография (КТ) бойынша да айтарлықтай өсім байқалды. Жалпы КТ көрсеткіші $87,93 \pm 0,67$ -ден $236,65 \pm 1,03$ -ке дейін өсіп, $169,1\%$ -ды құрады. Ең жоғары өсім мидың КТ-сы мен ағзалар және іш қуысының КТ зерттеулерінде тіркелді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгеннен кейін компьютерлік томография (КТ) зерттеулерінің саны да айтарлықтай өскен. Жалпы КТ қызметтері 10 000 халыққа шаққанда 2020 жылы $87,93 \pm 0,67$ -ден 2024 жылы $236,65 \pm 1,03$ -ке дейін өсті, яғни $169,1\%$ -ға, немесе 2,7 есеге жуық артты.

Ағзалар мен іш қуысының КТ 2020 жылы $27,18 \pm 0,37$ -ден 2024 жылы $107,98 \pm 0,70$ -ке дейін өсті, науқастардың қолжетімділігі $297,3\%$ -ды құрады (өсім – $297,3\%$).

Кеуде қуысының КТ 2020 жылы 10 000 халыққа шаққанда $47,20 \pm 0,49$ -дан 2024 жылы $72,74 \pm 0,57$ -ге дейін өсті, яғни $54,1\%$ -ға артты. Бұл COVID-19 пандемиясы кезеңінде өкпе зақымдануларын, неврологиялық асқынуларды және қатар жүретін патологияларды диагностикалау қажеттілігінің артуымен байланысты болуы мүмкін. Эндоскопиялық зерттеулер көлемі 2020 жылғы $556,55 \pm 1,69$ -дан 2022 жылы $1592,06 \pm 2,71$ -ге дейін күрт өсіп, кейінгі жылдары төмендеу үрдісін көрсетті. Дегенмен 2024 жылғы көрсеткіш ($393,49 \pm 1,33$) пандемия кезеңіне дейінгі деңгейден ерекшеленеді және диагностикалық қызметтердің құрылымындағы өзгерістерді сипаттайды. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері 2020–2024 жылдары Алматы қаласында диагностикалық қызметтердің барлық негізгі түрлері бойынша қолжетімділік деңгейінің артқанын көрсетті. Ең жоғары өсім жоғары технологиялық зерттеу әдістерінде (МРТ және КТ) байқалды. Бұл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі, диагностикалық инфрақұрылымның кеңеюі, халықтың медициналық қызметтерге жүгіну белсенділігінің артуы және COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі диагностикалық қажеттіліктің жоғарылауымен байланысты болуы мүмкін (15-кесте, 7-сурет).


Кесте 14 – Алматы қаласында 2020–2024 жылдары диагностикалық қызметтердің жалпы саны және олардың жыл сайынғы өсім қарқыны (%)

Қызмет түрі	2020 ж., жалпы саны	2021 ж., жалпы саны	Өсім, % (2021/2020)	2022 ж., жалпы саны	Өсім, % (2022/2021)	2023 ж., жалпы саны	Өсім, % (2023/2022)	2024 ж., жалпы саны	Өсім, % (2024/2023)	Өсім, % (2024/2020)
Рентгенография және рентгеноскопия	137 280	196 263	43,0	233 603	19,0	267 257	14,4	304 577	14,0	121,9
УЗИ	288 652	504 590	74,8	590 049	16,9	497 610	-15,7	526 891	5,9	82,5
МРТ (барлығы)	18 721	49 461	164,2	74 680	51,0	63 617	-14,8	67 541	6,2	260,8
Мидың МРТ	8 467	19 676	132,4	27 071	37,6	22 519	-16,8	24 425	8,5	188,5
Ағзалар мен іш қуысының МРТ	2 569	7 164	178,9	12 853	79,4	12 407	-3,5	12 926	4,2	403,1
Буындар мен сүйектердің МРТ	1 106	3 703	234,8	6 807	83,8	6 836	0,4	7 355	7,6	564,8
Омыртқаның МРТ	6 523	18 884	189,5	27 901	47,8	21 838	-21,7	22 823	4,5	249,9
Кеуде қуысының МРТ	56	34	-39,3	48	41,2	17	-64,6	12	-29,4	-78,6
КТ (барлығы)	17 121	64 345	275,8	58 897	-8,5	47 045	-20,1	52 772	12,2	208,2
Мидың КТ	1 449	2 677	84,8	4 804	79,5	5 311	10,6	5 777	8,8	298,7
Буындар мен сүйектердің КТ	911	2 781	205,3	6 183	122,3	5 375	-13,1	5 671	5,5	522,5
Ағзалар мен іш қуысының КТ	5 292	13 087	147,3	21 486	64,2	21 772	1,3	24 080	10,6	355,0
КТ мойын	279	436	56,3	872	100,0	931	6,8	1 024	10,0	267,0
Кеуде қуысының КТ	9 190	45 364	393,6	25 552	-43,7	13 656	-46,6	16 220	18,8	76,5
Эндоскопия	108 363	203 812	88,1	344 170	68,9	56 681	-83,5	87 748	54,8	-19,0

Кесте 15 – Диагностикалық қызметтердің 10 000 халыққа шаққандағы көрсеткіштері (Алматы қаласы)

Қызмет түрі	2020	2021	2022	2023	2024
Рентгенография және рентгеноскопия	705,07 ±1,90	966,68 ±2,18	1080,60 ±2,24	1217,41 ±2,36	1365,82 ±2,47
УЗИ	1482,52 ±2,76	2485,32 ±3,50	2729,44 ±3,69	2266,72 ±3,18	2362,74 ±3,26
МРТ	96,15 ±0,70	243,62 ±1,10	345,45 ±1,26	289,79 ±1,15	302,87 ±1,17
Мидың МРТ	43,49 ±0,47	96,91 ±0,69	125,22 ±0,76	102,58 ±0,68	109,53 ±0,70
Ағзалар мен іш қуысының МРТ	13,19 ±0,26	35,29 ±0,42	59,46 ±0,52	56,52 ±0,51	57,96 ±0,51
Буындар мен сүйектердің МРТ	5,68 ±0,17	18,24 ±0,30	31,49 ±0,38	31,14 ±0,38	32,98 ±0,39
Омыртқаның МРТ	33,50 ±0,41	93,01 ±0,68	129,06 ±0,77	99,48 ±0,67	102,35 ±0,68
Keуде қуысының МРТ	0,29 ±0,04	0,17 ±0,03	0,22 ±0,03	0,08 ±0,02	0,05 ±0,01
КТ	87,93 ±0,67	316,93 ±1,25	272,44 ±1,12	214,30 ±0,99	236,65 ±1,03
Мидың КТ	7,44 ±0,20	13,19 ±0,26	22,22 ±0,32	24,19 ±0,33	25,91 ±0,34
Буындар мен сүйектердің КТ	4,68 ±0,16	13,70 ±0,26	28,60 ±0,36	24,48 ±0,33	25,43 ±0,34
Ағзалар мен іштің КТ	27,18 ±0,37	64,46 ±0,56	99,39 ±0,68	99,18 ±0,67	107,98 ±0,70
КТ мойын	1,43 ±0,09	2,15 ±0,10	4,03 ±0,14	4,24 ±0,14	4,59 ±0,14
Keуде қуысының КТ	47,20 ±0,49	223,44 ±1,05	118,20 ±0,74	62,21 ±0,53	72,74 ±0,57
Эндоскопия	556,55 ±1,69	1003,86 ±2,22	1592,06 ±2,71	258,19 ±1,08	393,49 ±1,33

2020–2024 жылдардағы 10 000 халыққа шаққандағы диагностикалық қызметтер динамикасы




Сурет 7 – 2020-2024 жылдардағы 10000 халыққа шаққандағы диагностикалық қызметтер динамикасы

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Covid-19 пандемиясының аяқталуы, Қазақстанда және әлемде коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануы туралы хабарлауына байланысты, білім беру ұйымдарында, сондай-ақ "Ashyq" жобасында халық арасында коронавирустық инфекцияға қарсы күрес жөніндегі шектеу шараларын көздейтін Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулылары жойылды. Осылайша, "Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы" Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2023 жылғы 19 мамырдағы №5 қаулысына қол қойылды.

2020–2024 жылдар аралығында диагностикалық қызметтердің көлемінде айқын өзгерістер байқалды. 2021–2022 жылдары COVID-19 пандемиясына байланысты диагностикалық зерттеулерге сұраныс күрт артты. Әсіресе КТ зерттеулері 2020 жылғы 87,93-тен 2021 жылы 316,93-ке дейін (+260,4%), ал МРТ көрсеткіші 96,15-тен 243,62-ге дейін (+153,4%) өсті. Бұл коронавирус инфекциясы кезінде өкпе зақымдануын, асқынуларды және қатар жүретін ауруларды анықтау қажеттілігінің артуымен байланысты болуы мүмкін.

УДЗ қызметтері де 1482,52-ден 2729,44-ке дейін өсті, бұл пандемия кезеңінде кейінге қалдырылған пациенттердің диагностикалық тексерулерге жүгінуінің артуын көрсетеді. Эндоскопиялық зерттеулер 2022 жылы ең жоғары деңгейге жетіп (1592,06), кейін 2023 жылы төмендеді, бұл пандемия кезіндегі жинақталған сұраныстың біртіндеп азаюымен түсіндірілуі мүмкін.



Сурет 8 – Негізгі диагностикалық қызметтердің динамикасы 2020-2024 жж.

Пандемиядан кейінгі кезеңде (2023–2024 жылдары) рентгенологиялық зерттеулер, МРТ және УДЗ қызметтері жоғары деңгейде сақталды, бұл диагностикалық қызметтердің қолжетімділігінің кеңейгенін және халықтың медициналық көмекке жүгіну белсенділігінің артқанын көрсетеді. Сұраныс көрсеткіштері басқаша болуы мүмкін, себебі диагностикалық көмектің көлемдері қордың мүмкіншілігіне байланысты.

3.4. Медициналық көмек көрсету түрлері мен қызметтері бойынша анықталған кемшіліктердің көрсеткіштері

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде амбулаториялық және поликлиникалық деңгейдегі медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын бағалаудың негізіне денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына сәйкес жүргізілетін мониторингтің мағлұматтары пайдаланылды.

Медициналық көмек көрсетілген кезде ақаулар және (немесе) бұзушылықтар бірыңғай сыныптамасына (16-кесте) сәйкес, ағымдағы мониторинг нәтижелері бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру

қорының тарапынан автоматтандырылған алгоритмдер арқылы ақаулар және (немесе) бұзушылықтар анықталады.

Алматы қаласы бойынша 2021–2024 жылдардағы МӘМС мониторингінің нәтижелерін талдау барысында расталған ақаулар саны мен ақы төлеуден алып тасталған қаржы көлемінің айқын өскені анықталды. 2021 жылы 38 765 ақау тіркеліп, ақы төлеуден алып тасталған сома 106,3 млн теңгені құраса, 2022 жылы ақаулар саны 155 498-ке дейін, яғни 301,1%-ға, ал қаржы көлемі 523,5 млн теңгеге дейін немесе 392,3%-ға артты. 2023 жылы ақаулар саны 210 714-ке жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 35,5%-ға өсті, ақы төлеуден алып тасталған сома 682,5 млн теңгені құрап, 30,4%-ға көбейді. 2024 жылы жалпы ақаулар саны 63 364-ге дейін төмендеп, бір жыл ішінде 69,9%-ға азайды, ал қаржылық алып тастау көлемі 222,5 млн теңгеге дейін төмендеп, 67,4%-ға қысқарған. Жалпы 2021–2024 жылдар аралығында ақаулар саны 24 599 жағдайға немесе 63,5%-ға, ал ақы төлеуден алып тасталған сома 116,2 млн теңгеге немесе 109,2%-ға артты.

Ақаулардың кодтық құрылымын талдау 2021–2024 жылдары медициналық көмек пен медициналық қызметтердің көлемін негізсіз арттыруды сипаттайтын 3.0 кодының басым болғанын көрсетті. Аталған кезеңде бұл код барлық расталған ақаулардың 99,8–100,0%-ын және ақы төлеуден алып тасталған қаржының 99,9–100,0%-ын құрады. 3.0 коды бойынша ақаулар саны 2021 жылғы 38 684 жағдайдан 2023 жылы 210 633 жағдайға дейін өсті, ал қаржылық сома 106,3 млн теңгеден 682,2 млн теңгеге дейін артты, яғни 6,4 есе өсті. Алайда 2024 жылы осы код бойынша ақаулар саны 63 311 жағдайға дейін немесе 69,9%-ға, ал алып тасталған сома 222,4 млн теңгеге дейін немесе 67,4%-ға төмендеді.

Бұл көрсеткіштер медициналық мекемелердің басшылық тарапынан бақылаудың төмендігін, анықталған олқылықтарды жою бойынша нәтижелі жұмыс жүргізілмегенін көрсетеді және мекемелердің қаржылық тұрақсыздығының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Негізгі олқылық 3.0 коды бойынша «көрсетілген медициналық көмектің немесе қызметтердің көлемін негізсіз арттыру» субъективті себептердің (мекеменің қаржылық деңгейін жақсарту) салдары болуы мүмкін, кейінгі жылдары бұл ақаулар төмен болған.

Сонымен қатар медициналық құжаттаманы рәсімдеу ақаулары 2021 жылғы 41 жағдайдан 2024 жылы 2 жағдайға дейін немесе 95,1%-ға, ал медициналық қызметті күту ұзақтығының 15 жұмыс күнінен асуы 38 жағдайдан 1 жағдайға дейін немесе 97,4%-ға төмендеді.

Алматы қаласында ақау кодтары бойынша өндіріп алынған қаржы динамикасы медициналық көмек көрсеткен кезде басқару процесінің ішкі факторлары орын алғанын байқауға болады. Медициналық көмек көрсетілген кезде ақаулар және (немесе) бұзушылықтар бірыңғай сыныптамасына сәйкес, айыппұлдардың жалпы сомасы, жалпы алғанда, 2021 жылы 106,3 млн теңгеден 2024 жылы 222,5 млн теңгеге өсті, ал абсолюттік өсім 116,2 млн теңгені, яғни 109,2% -ды құрады (17-кесте).

Кесте 16 – Алматы қаласында бойынша МСАК және консультациялық-диагностикалық қызметтер де расталған ақаулар санының динамикасы

Ақау коды және анықтамасы	2021	2022	Өсім, % (2022/2021)	2023	Өсім, % (2023/2022)	2024	Өсім, % (2024/2023)	2024/2021	Өсім, % (2024/2021)
2.0 Медициналық құжаттаманы рәсімдеу ақаулары	41	174	324,4	0	−100,0	2	—	−39	−95,1
3.0 Көрсетілген медициналық көмектің немесе қызметтердің көлемін негізсіз арттыру	38 684	155 283	301,4	210 633	35,6	63 311	−69,9	24 627	63,7
6.0 Стандарттардан, қағидалардан немесе клиникалық хаттамалардан негізсіз ауытқу	2	39	1 850,0	81	107,7	50	−38,3	48	2 400,0
7.0 Медициналық қызметті күту ұзақтығының 15 жұмыс күнінен асуы	38	2	−94,7	0	−100,0	1	—	−37	−97,4
Жалпы саны	38 765	155 498	301,1	210 714	35,5	63 364	−69,9	24 599	63,5

Кесте 17 – Алматы қаласында ақау кодтары бойынша өндіріп алынған қаржы динамикасы (мың теңге)

Ақау коды	2021	2022	Өсім, % (2022/2021)	2023	Өсім, % (2023/2022)	2024	Өсім, % (2024/2023)	2024/2021	Өсім, % (2024/2021)
2.0	27,79	191,46	588,9	0,00	-100,0	0,00	—	-27,79	-100,0
3.0	106 298,04	523 145,21	392,1	682 152,05	30,4	222 372,68	-67,4	116 074,64	109,2
6.0	1,04	208,41	19 946,2	368,93	77,0	138,35	-62,5	137,31	13 208,0
7.0	20,41	2,96	-85,5	0,51	-82,6	1,17	127,9	-19,24	-94,3
Жалпы сомасы	106 347,28	523 548,04	392,3	682 521,50	30,4	222 512,20	-67,4	116 164,92	109,2

Айыппұлдардың деңгейі бойынша екінші орында клиникалық хаттамалардан, стандарттар мен қағидалардан негізсіз ауытқуды сипаттайтын 6.0 коды бойынша ауқымды қаржылар ұсталған.

Алынған нәтижелер медициналық көмектің негізділігін бақылауды, көрсетілген қызмет көлемін растау тетіктерін, медициналық құжаттаманың сапасын және МӘМС қаражатының мақсатты пайдаланылуына жүргізілетін ішкі аудитті, басқару деңгейіндегі талапты одан әрі күшейту қажеттігін көрсетеді. Осылайша, зерттеу кезеңінде анықталған ақаулар мен қаржылық алып тастаулардың өсуі біркелкі сипатта болмағаны және жекелеген ақау кодтарының құрылымдық өзгерістерімен байланысты болғаны анықталды. Көрсеткіштерді салыстыру кезінде мониторинг көлемін, ақауларды анықтау және кодтау тәртібін ескеруді талап етеді.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері Қазақстан Республикасында медициналық қызметтерді сатып алу шарттарының орындалуын бақылау жүйесінің жыл сайын күрделеніп, қатаңдатылып отырғанын көрсетеді. 2020–2024 жылдар аралығында анықталған ақаулар саны бірнеше есе өсіп, сәйкесінше қаржылық алып қою көлемі де айтарлықтай артқан (18,19-кесте).

Кесте мәліметтері бойынша амбулаториялық-емханалық көмек (МСАК және консультациялық-диагностикалық қызметтер) бойынша анықталған ақаулар саны 2020 жылғы 56 156 жағдайдан, жыл сайын тұрақты түрде өсіп, 2024 жылы 88 215 жағдайға жеткен, жалпы өсім 32 059 жағдайды немесе 57,1%-ды құрады. Сонымен бірге өндіріп алынған қаржы көлемі 832,1 млн теңгеден 1 460,0 млн теңгеге дейін ұлғайып, 75,5%-ға артты. Бұл мониторингтің күшеюімен қатар медициналық ұйымдардағы сапа талаптарының сақталуына бақылаудың артқанын көрсетеді (18,19-кесте).

Кешенді жан басына шаққандағы нормативке кірмейтін консультациялық-диагностикалық қызметтерде ақаулар саны 2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылы 14,3% -ға төмендегеннен кейін қайта өсіп, 2024 жылы 947 300 жағдайға жетті. Жыл сайынғы өсім 5-7,5% аралығында болды. Ал өндіріп алынған жалпы қаржы көлемі 2020 жылы 1 523,0 млн. теңгеден 2024 жылы 1 911,2 млн. теңгеге дейін ұлғайып, жалпы өсім 25,4%-ды құрады, яғни мониторинг нәтижелері медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың МӘМС қорының тарапынан күшейгенін және анықталған бұзушылықтар бойынша қаржылық ықпал ету шараларының көлемі артқанын көрсетеді. Айыппұл сомалары мекеменің қаржылық тұрақсыздығын күшейтіп, кредиторлық қарыздарының қалыптасуына және ұжым ішінде көптеген қайшылықтар мен түсінбеушіліктердің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Талдау кезінде анықталған деректер медицина мекемелерінің басқару деңгейінде олқылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілмегенін көрсетеді – дәрігерлер мен басқа да жауапты қызметкерлердің білімін көтеру, жауапкершіліктерін арттыру және де ішкі аудит қызметінің нәтижесінің жаңа талаптарға сай келмегенін көрсетеді.

Кесте 18 – Медициналық көмек көрсету түрлері бойынша анықталған ақаулар санының динамикасы (МӘМС мониторингі деректері негізінде)

Медициналық көмек көрсету түрі	2020	2021	Өсім, %	2022	Өсім, %	2023	Өсім, %	2024	Өсім, %	Өсім, % (2024/2020)
Медициналық санитарлық алғашқы көмек(ТМККК)	56 156	70 909	26,3	75 214	6,1	82 430	9,6	88 215	7,0	57,1
Кешенді жан басына шаққандағы нормативке кірмейтін консультациялық-диагностикалық қызметтер	935 175	801 364	-14,3	842 510	5,1	905 620	7,5	947 300	4,6	1,3
Дереккөз: Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының 2020–2024 жылдардағы жылдық есептері										

Кесте 19 – Медициналық көмек көрсету түрлері бойынша өндіріп алынған қаржы айыппұл сомасының динамикасы (млн теңге) (МӘМС мониторингі деректері негізінде)

Медициналық көмек көрсету түрі	2020	2021	Өсім, %	2022	Өсім, %	2023	Өсім, %	2024	Өсім, %	Өсім, % (2024/2020)
Медициналық санитарлық алғашқы көмек(ТМККК)	832,1	1 117,8	34,3	1 210,0	8,2	1 380,0	14,0	1 460,0	5,8	75,5
Кешенді жан басына шаққандағы нормативке кірмейтін консультациялық-диагностикалық қызметтер	1 523,4	1 503,0	-1,3	1 680,0	11,8	1 820,0	8,3	1 910,0	4,9	25,4


Бұл ақаулар мен талапты бұзушылықтар халыққа медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына тікелей әсері бар екені белгілі және ішкі менеджменттің төменгі дәрежеде болғанын көрсетеді.

2023–2024 жылдары цифрлық бақылау құралдарының енгізілуі және проактивті мониторингтің кеңеюі нәтижесінде анықталған ақаулар саны айтарлықтай артты. Бұл кезеңде медициналық қызмет көлемін негізсіз арттыруға байланысты ақаулар жетекші орын алып, медициналық ұйымдардың шарттық міндеттемелерін орындауына бақылау күшейтілді. Осылайша, МӘМС жүйесінде медициналық көмектің сапасын бағалау барысында негізгі проблемалық бағыттар ретінде клиникалық хаттамаларды сақтау, медициналық құжаттаманың сапасы және көрсетілген қызметтердің негізділігін бақылау мәселелері анықталды.

3.5. МӘМС жүйесінде қолжетімді және сапалы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудегі дәрігерлер мен науқастар арасында социологиялық сауалнама нәтижелері


МӘМС жүйесінде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын зерттеу үшін азаматтар мен ЖТД дәрігерлері арасында әлеуметтік сауалнама жүзеге асырылды.

Сауалнамаға 561 азамат қатысты, олардың 403-і (72,48%) әйелдер мен 153-і (27,52%) ерлер және 116 жалпы тәжірибелік дәрігер (9-сурет).




Сурет 9 – Респонденттерді жынысы бойынша бөлу

Респонденттердің жас бойынша бөлінуін зерттеу нәтижелерін талдау көрсеткендей, ең көп жас 209 (37,8%), ал қалған Санаттар шамамен 30-39 жаста - 17%, 40-49 жаста – 18,1%, 50-59 жаста – 13,7% және 60 жастан жоғары -13,4% болды (10-сурет).




Сурет 10 – Респонденттерді жасына қарай бөлу




Сурет 11 – Респонденттерді жасы мен жынысы бойынша бөлу

Білім деңгейі бойынша респонденттер былайша орналасты: 54,68%-жоғары білім, 24,82%- орта кәсіби, 17,27% - орта, және толық емес орта білім -3,24% респонденттерде анықталды. Респонденттердің білім деңгейі мен отбасылық мәртебесі бойынша таралуы 12 және 13-суреттерде көрсетілген.




Сурет 12 – Респонденттерді білім деңгейі бойынша бөлу




Сурет 13 – Респонденттерді отбасылық мәртебесі бойынша бөлу

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек жағдайында ерлер мен әйелдер арасында зертханалық сынақтар мен медициналық көмектің қолжетімділігін анықтау үшін респонденттердің жауаптарына талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, зертханалық зерттеулер (43,92%) мен медициналық көмек (36,48%) толықтай қолжетімді деп әйелдердің көпшілігі санайды. Зертханалық

тексерулер - 29,78% мен медициналық көмектің -37,22% қолжетімділігіне әйелдер ішінара қанағаттанды, нәтижелері 12 және 13-суреттерде көрсетілген.



Сурет 14 – Зертханалық тексерулер қолжетімділігіне қанағаттану



Сурет 15 – Медициналық көмектің қолжетімділігіне қанағаттану

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек (МСАК) жағдайында медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын зерделеу үшін респонденттердің сауалнамасы бойынша жауаптарының нәтижелері 20-кестеде көрсетілген.

Кесте 20 – Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары мен жауаптары

Сипаттама		Саны, n	Үлесі, %	Орташа мән ± стандартты ауытқу (M±SD)
1	2	3	4	5
Жынысы	Ер Әйел	153 403	27.3% 72.7%	1.72±0.447
Жасы	18-29 30-39 40-49 50-59 60 жастан жоғары	209 95 101 76 75	37.8% 17.0% 18.1% 13.7% 13.4%	2.48±1.445
Білімі	Орта Орташа кәсіби Толық емес орта білім Жоғары	96 138 18 304	17.3% 24.8% 3.24% 54.7%	2.95±1.219
Отбасылық жағдайы	Бойдақ/ үйленбеген Үйленген Ажырасқан Жесір Тіркелмеген неке	200 281 30 25 20	36.0% 50.5% 5.4% 4.5% 3.6%	1.89±0.952
Зертханалық сынақтардың қолжетімділігін бағалау	Толық қанағаттанған Қанағаттанған, бірақ ішінара Өте қанағаттанбаған Қанағаттанбаған Жауап беру қиын	330 120 31 25 50	59.4% 21.6% 5.6% 4.5% 9.0%	1.82±1.269
Медициналық көмектің қолжетімділігі	Толық қанағаттанған Қанағаттанған, бірақ ішінара Өте қанағаттанбаған Қанағаттанбаған Жауап беру қиын	300 150 50 30 26	54.0% 27.0% 9.0% 5.4% 4.7%	1.80±1.108

Емхананы таңдау бойынша респонденттердің жауаптарын зерделеу нәтижелері 460 (83,6%) еркін таңдау құқығымен таңдалғанын, ал мамандарды таңдау кезінде – негізінен жалпы практика дәрігеріне – 372 (67%) респонденттердің жүгінгенін көрсетті. Медициналық ұйымдарда қандай да бір қызметтерді күту ұзақтығы бойынша азаматтардың жартысы 294 (52,9%) тіркеуге кезекті 15 минуттан дейін, 30 мин дейін - 245 (44,1%), 45 мин дейін - 4 (0,72%), 1 сағатқа дейін және артық - 3 (0,54%), тіркеуге кезек болған жоқ -7

(1,26%) көрсетті. Дәрігердің қабылдауын тағайындалған сәттен бастап 24 сағаттан артық күтті - 285 (51,3%), 12 сағат - 205 (36,9%), 8 сағат - 40 (7,19%), 6 сағат - 20 (3,60%), 3 сағат - 3 (0,54%), 1 сағаттан кем - 3 (0,54%). Орта есеппен ұйымдарда учаскелік дәрігерді (терапевт, педиатр, отбасылық дәрігер, ФАП фельдшері) қабылдауды күтуге уақытын жұмсады, 50 (9,0%) респондент - 15 минутқа дейін, 373 (67,1%) респондент - 30 минутқа дейін, 80 (14,39%) - 45 минутқа дейін, 3 (0,54%) - 1 сағатқа дейін, 30 (5,40%) - 1 сағаттан артық, 20 (3,60%) - учаскелік дәрігерге қабылдау кезегі болған жоқ.

Учаскелік дәрігердің (терапевт, педиатр, отбасылық дәрігер, ФАП фельдшері) шақыруынан кейін үйіңізге келгенге дейін 3 сағаттан кем деп - 232 (41,7%) респондент жауап берді, 6 сағаттан кем - 215 (38,7%), 6 сағаттан артық - 52 (9,35%), келесі күні бардым деп жауап берді - 28 (5,04%), бармадым -23 (4,14%) және шақырмады - 6 (1,08%) деп респонденттер жауаптарын берді.

Орта есеппен дәрігерді - бейінді маманды (невропатолог, хирург, офтальмолог, отоларинголог және т. б.) қабылдауды күтуге қанша уақыт жұмсағанына келесідей жауаптарын берді: 1 сағаттан артық - 221 (39,7%), өтініш берген күні қабылдауға келген жоқ - 169 (30,4%), 3 күнге -90 (16,19%), 5 күнге дейін күтті - 40 (7,19%) және 7 күнге дейін күтті - 36 (6,47%).

259 (46,6%) пациент үшін тағайындалған диагностикалық зерттеуді күту уақыты бойынша бір күн, 2-ден 3 күнге дейін-105 (18,9%), 3 күннен жоғары – 47 (8,45%) құрады және 145 (26,08%) үшін тағайындалмады (21-кесте).

Кесте 21 – Медициналық ұйым кезегіндегі күту ұзақтығы

Сұрақтары	Медициналық ұйымдарда белгілі бір қызметтерді күту ұзақтығы таңдалған жауаптың ең көп саны ең аз уақыт ең көп уақыт					
1	2	3	4	5	6	7
Тіркеу кезегін қанша уақыт күттіңіз?	15 мин дейін	30 мин дейін	45 мин дейін	1 сағатқа дейін	1 сағаттан артық	тіркеуге кезек болған жоқ
	294 (52,9%)	245 (44,1%)	4 (0,72%)	3 (0,54%)	3 (0,54%)	7 (1,26%)

Сіз тағайындалған дәрігердің қабылдауын күту уақыты (үйге шақырылды) тағайындалған сәттен бастап?	24 сағаттан артық	12 сағат	8 сағат	6 сағат	3 сағат	1 сағаттан кем
	285 (51,3%)	205 (36,9%)	40 (7,19%)	20 (3,60%)	3 (0,54%)	3 (0,54%)

21 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Сіз орта есеппен ұйымдарда учаскелік дәрігерді (терапевт, педиатр, отбасылық дәрігер, ФАП фельдшері) қабылдауды күтуге қанша уақыт жұмсадыңыз?	15 минутқа дейін	30 минутқа дейін	45 минутқа дейін	1 сағатқа дейін	1 сағаттан артық	учаскелік дәрігерге қабылдау кезегі болған жоқ
	50 (9,0%)	373 (67,1%)	80 (14,39%)	3 (0,54%)	30 (5,40%)	20 (3,60%)
Сіздің үйіңізге келгенге дейін учаскелік дәрігердің (терапевт, педиатр, отбасылық дәрігер, ФАП фельдшері) шақыруынан кейін қанша уақыт өтті?	3 сағаттан кем	6 сағаттан кем	6 сағаттан артық	келесі күні бардым	бармадым	шақырмады
	232 (41,7%)	215 (38,7%)	52 (9,35%)	28 (5,04%)	23 (4,14%)	6 (1,08%)
Сіз орта есеппен дәрігерді - бейінді маманды	1 сағаттан артық	өтініш берген күні қабылдауға	3 күнге дейін күтті	5 күнге дейін күтті	7 күнге дейін күтті	10 күннен астам күтті


(невропатолог, хирург, офтальмолог, отоларинголог және т. б.) қабылдауды күтуге қанша уақыт жұмсадыңыз?	221 (39,7%)	келген жоқ 169 (30,4%)	90 (16,19%)	40 (7,19%)	36 (6,47%)	-
---	----------------	------------------------------	----------------	---------------	---------------	---

21 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Сізге тағайындалған диагностикалық зерттеулерді күтуге қанша уақыт жұмсадыңыз?	1 күн 259 (46,6%)	2 күннен 3 күнге дейін 105 (18,9%)	3 күннен артық 47 (8,45%)	тағайынд алмады 145 (26,08%)	-	-

Дәрілік препараттарға арналған рецепттерді ресімдеу бойынша қанағаттану бойынша сұрақтарда жартысынан сәл астамы "Иә" жауабын таңдайды 299 (55,7%), жоқ және толық көлемде 16,4% және респонденттердің 27,9% -ы рәсімделмеген.


Бекітілген емханада зертханалық зерттеулер мен медициналық көмектен өтудің қолжетімділік деңгейі 15-суретте көрсетілген. Суреттен жартысынан көбі зертханалық зерттеулер мен медициналық көмектің қол жетімділігіне қанағаттанғанын және ішінара қанағаттанғанын көруге болады.



Сурет 16 – Зертханалық зерттеулер мен медициналық көмектің қолжетімділігіне қанағаттану

Дәрігердің қабылдауы үшін төлем және төлем мөлшері мәселелерінде 451 (84,3%) "жоқ" және "қажет емес" жауабын тандайды, ал учаскелік дәрігердің немесе бейінді маманның жолдамасы бойынша тексерулер үшін негізінен ультрадыбыстық және қан биохимиялық зерттеулері үшін төленді.


Күндізгі стационарға барған кезде тек 74-і (14,3%) медициналық қызметтер үшін, ал 176-сы (34%) күндізгі стационарлардағы дәрі-дәрмектер үшін қосымша ақы төледі. ЖТД біліктілік деңгейіне және көрсетілген медициналық көмектің нәтижесіне қанағаттану науқастардың жартысынан көбі 357 (67,9%) нәтижелерге риза деп айтуға болады. 5-балды шкала бойынша бағалау нәтижесінде орташа балл $3,7 \pm 1,4$ -ке тең екендігі анықталды.



Сурет 17 – Халықтың дәрігерлердің біліктілігіне және медициналық көмек нәтижелеріне қанағаттану деңгейінің көрсеткіштері

Сапалы медициналық көмек көрсету мәселелерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді, оған 56 дәрігер қатысты. Нәтижелер көрсеткендей, 87,5% бекітілген халыққа медициналық көмек көрсетуде командалық жұмыс принципін пайдаланады, ал бір пациентті қабылдауға жұмсалған уақыт бойынша 33 (58,9%) және 23 (41,1%) "иә" жауаптары болды. Пациенттерді алғашқы және қайта қарау үшін Уақыт нормасының мөлшерін ажырату қажеттілігі туралы дәрігерлердің 78,2% "Иә" деп жауап берді.

Норма бойынша белгіленген уақыттың сәйкес келмеуін дәрігерлер негізінен компьютерлік техниканың сапасыздығымен – 72,2% және материалдық жарақтандырудың жеткіліксіздігімен 11,1%, бұдан әрі 7,4% - білімнің жеткіліксіздігімен және 1,8% - медбикенің төмен құзыреттілігімен байланыстырады. Медициналық құжаттаманы (МД) толтыру сапасын өзін-өзі бағалау бойынша негізінен өз деңгейін 4 баллмен бағалайды (18-сурет).




Сурет 18 – Медициналық құжат толтыру сапасының өзін-өзі бағалауы

Экстрагенитальды патологиясы бар ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерді сапалы динамикалық бақылауды 32 (58,2%) дәрігер жүргізеді және 41 (74,5%) дәрігер егде жастағы адамдарға көмек көрсету ерекшеліктерін білген.

Дәрігердің тәжірибесінде клиникалық хаттамаларды (КП) қолдану ерекше орын алады, өйткені аурудың нәтижесі осыған байланысты, бірақ оларды мүлдем қолданбайтын дәрігерлер бар – 1,8%, аптасына бірнеше рет – 16,1%, кейде – 21,4%. Күнделікті жұмыста КП - ны пайдаланбау, негізінен, олардың болуы туралы ақпаратқа ие болмауымен байланысты, ал іс жүзінде олар базаға енгізілген. КП жазу сапасы бойынша бірінші кезекте КП-да жазылғандардың барлығын іс жүзінде қолдануға қол жетімсіздігі мәселесі туындайды (19-сурет).

Клиникалық хаттамаларды клиникалық практикаға сәтті енгізу үшін ЖТД жұмыс орындарында немесе біліктілікті арттыру курстарында оқытуды бірінші орынға шығарады 36%, КХ – ны КМИС – ке бекіту-24% және КХ-ны медициналық көмек көрсетудің амбулаториялық кезеңінде пациенттерді басқарудан бөлек әзірлеу-24%.



Сурет 19 – Дәрігердің жұмысында КП қолдану

МСАК жұмысын регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді 30 (55,5%) дәрігер көрсетті, ал ЖТД тапшылығы мен өтімділік жағдайын респонденттер негізінен ЖТД – 26 (47,3%) жүктемесінің ұлғаюымен, еңбекақы деңгейінің сәйкес келмеуімен және ЖТД – 9 психозмоционалды күйіп қалуымен (16,4%), ЖТД бойынша үлкен жауапкершілік туралы байланыстырады тар мамандармен салыстырғанда – 5 (9,9%), шағымданушылар басшылығының қолдауына – 7 (12,7%) және 8 (14,5%) дәрігердің барлық жауаптарымен келісті.

60,0%-респонденттер дәрі-дәрмектерге арналған рецепттерді жеңілдетілген және/немесе ақысыз негізде қанағаттандырылғанын атап көрсетті. Сонымен бірге, 44,1% - респонденттер дәрі-дәрмектерге арналған рецепттерді жеңілдетілген және/немесе ақысыз негізде алатындығына толық емес қанағаттанатындығын білдірді. 2,52% - респонденттер «жоқ» деп жауап берді. 0,53% - респонденттер жеңілдікті және / немесе тегін негізде дәрілік препараттарға арналған рецепттер ресімделмегенін атап көрсетті (20-сурет).



Сурет 20 – Дәрі-дәрмектерге арналған рецепттерді жеңілдетілген немесе ақысыз негізде рәсімделгеніне науқастардың қанағаттануы

Зертханалық зерттеулердің қолжетімділігіне респонденттер келесідей баға берді: 46,8% - толығымен қанағаттанады, 41,4%-ішінара қанағаттандырылды, 7,19% - керісінше қанағаттанбады, 3,60%-толықтай қанағаттанбады және жауап беруге қиын деп -1,08% респонденттер атап көрсетті (21-сурет).





Сурет 21 – Зертханалық зерттеулердің қолжетімділігі

Ұйымдағы медициналық көмектің ұйымдастырылуына 42,4%- респонденттер толық емес қанағаттанатындығын атап көрсетсе, 30,6%- мүлдем жоқ қанағаттанбайтындығын білдірді. Тек 27,0%- респонденттер ғана «Иә» деп көрсетті (22-сурет).




Сурет 22 – Ұйымдағы медициналық көмекті ұйымдастыруға қанағаттануы

Сұрастырылған 87,6% - респонденттердің пікірінше бейінді дәрігерлердің қабылдағаны үшін төлегендігін атап көрсетті, тек 12,4%- «жоқ» деп белгіледі. Сонымен қатар, төлегендігін растаған респонденттердің 51,3%-«қажет емес еді» деп атап өтті. 26,98%- 5 мың теңгеге дейін, ал 16,19% - 10 мың теңгеге дейін және 5,0% - 10 мың теңгеден астам төлегендігін көрсетті (23-сурет).



Сурет 23 – Бейінді мамандарға қабылдау үшін төлегендігі туралы пікірі

54,0%-сұрастырылған респонденттер учаскелік дәрігер немесе ЖТД салауатты өмір салты туралы ақпарат берілмегендігін және 46,0%- керісінше ақпарат берілгендігін сауалнамада көрсетіп отыр. Емханаға барған кезде 87,6%-респонденттер салауатты өмір салты, психолог, әлеуметтік қызметкер қызметтерін алғандығын атап өтсе, 12,4%- «жоқ» деп жауап берді (24-сурет).



Сурет 24 – Салауатты өмір салты, психолог, әлеуметтік қызметкер қызметтерін алуы және ақпаратпен қамтамасыз етілуі

42,4%-респонденттер учаскелік дәрігер/ФАП фельдшері немесе мейіргердің үйдегі медициналық көмекке толық емес қанағаттандырылса, 30,6% -мүлдем қанағаттанбайтындығын атап көрсетті. Тек 27,0% толықтай қанағаттанатындығын білдірді (25-сурет).



Сурет 25 – Участкелік дәрігер/ФАП фельдшері немесе мейіргердің үйдегі медициналық көмекке қанағаттандырылуы

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей участкелік дәрігердің (ФАП фельдшерінің) немесе бейінді маманның жолдамасы бойынша тексеру кезінде 51,3%-респонденттер рентгенография үшін төлеуге тура келгендігін атап көрсетті. 16,2% - респонденттер УДЗ, 13,5% - иммуноферментті қан анализі мен басқа зерттеулерге төлегендігін білдірді. Сонымен қатар, 5,04% - ФГДС және 0,54%- қанның биохимиялық зерттеулері үшін ақы төледі (26-сурет).




Сурет 26 – Участкелік дәрігердің (ФАП фельдшерінің) немесе бейінді маманның жолдамасы бойынша тексеру кезінде медициналық қызметтер үшін ақы төлеуі

«Күндізгі стационарда емделу кезінде медициналық қызметтерге ақы төлеуге тура келді ме?» - деген сұраққа «Иә» деп – 64,0% «Жоқ» деп – 36,0% респонденттер жауап берді. Күндізгі стационарда емделу кезінде дәрі-дәрмектерді өз қаражатынынан қосымша сатып алуға 95,3% - респонденттер жұмсаса, 4,7% - «Жоқ» деп жауап берді (27-сурет).



Сурет 27 – Күндізгі стационарда емделу кезінде медициналық қызметтерге ақы төлеу

Учаскелік дәрігеріңіздің (ЖТД) біліктілік (кәсібилік) деңгейіне 49,6% - респонденттер толық емес қанағаттанады, тек респонденттер 23,4%-ы қанағаттанады екен. 27,0%-респонденттер «Жоқ» деп жауап берді. Емханаға (дәрігерлік амбулаторияға, фельдшерлік-акушерлік пунктке) жүгіну нәтижесіне, көрсетілген медициналық көмектің нәтижесіне 57,6% - толық емес риза болды, 32,4%- респонденттер толықтай риза. 10,1% - респонденттер медициналық көмектің нәтижесіне қанағаттанбайтындығын айтты (28-сурет).




Сурет 28 – Учаскелік дәрігердің (ЖТД) біліктілік (кәсібилік) деңгейіне қанағаттануы және емханаға (дәрігерлік амбулаторияға, фельдшерлік-акушерлік пунктке) жүгіну нәтижесіне, көрсетілген медициналық көмектің нәтижесіне риза болуы

Алған медициналық көмектің сапасын бес балдық шкала бойынша респонденттер келесідей бағалаған: 46,8% респонденттер -5 балл берген, 41,4% - респонденттер - 4 балл, 7,19% - респонденттер -3 балл, 3,60% - 2 балл, 1,08% - 1 балл (29-сурет).



Сурет 29 – Медициналық көмектің сапасын бес балдық шкала бойынша бағалауы

Емханаға барған кезде респонденттердің 69,2% -учаскелік ЖТД-ге, 15,5% - жеке мамандарға, 15,3% - учаскелік медбикеге жүгінеді екен. 57,6% - респонденттердің көбісі учаскелік медбикеге жүгінеді, 32,4% - учаскелік ЖТД-ге, 10,1%- жеке мамандарға қаралады екен (30-сурет).



Сурет 30 – Емханаға барған кезде жиі жүгінетін мамандар және науқастардың денсаулығына көбірек көңіл бөлетін мамандар

4 ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕР

4.1. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасы.

Міндетті әлеуеттік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізу барысында халыққа медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын талдау нәтижесінде оң серпінмен қатар бірқатар жетімсіздіктер мен кемшіліктер анықталды. Бұл кемшіліктедің жаңа жүйені енгізі кезінде әртүрлі объективті және субъективті факторларға байланысты екені анық, осыған байланысты МӘМС жағдайында медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасы талдау жүргізілді. Талдау үдерісі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен министрліктің нормативтік актыларын қамтыды (22-кесте).

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы (2011–2015 жылдар) мемлекеттік бағдарламасы медициналық көмектің тиімді жүйесін құруды қарастырды. Бұл жүйе денсаулық сақтау ісіндегі мемлекет пен адамның ынтымақты жауапкершілігі принциптеріне негізделіп, бастапқы медициналық-санитариялық көмекті (БСАК) басымдықпен дамытуға бағытталды. Бағдарламаның мақсаты – профилактикалық бағытты күшейту және халықтың стационарлық көмекке қажеттілігін азайту болды.

Осы мақсатта дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің (ОМК) функцияларын кеңейту, БСАК медицина қызметкерлерінің мотивациясын арттыру шаралары жоспарланды. Қазақстан Республикасында ұсынылған МСАК моделі дәрігерді еркін таңдау және басқарудың экономикалық әдістері принциптеріне негізделді, оның ішінде ішінара қор иелену, "ынталандырушы" компонентті қамтитын екі компонентті жан басына шаққан нормативті енгізу көзделді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексында заң азаматтардың денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі принциптері мен шараларын, соның ішінде профилактикалық шараларды, медициналық көмекті және жұқпалы аурулармен күресуді анықтады.

МСАК рөлінің күшеюі мен функцияларының кеңеюіне байланысты оның қызметін жетілдіруге бағытталған нормативтік-құқықтық базаны дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. МСАК мен мамандандырылған көмектің функциялары, өкілеттіктері мен қаржыландыруын нақты ажырату үшін нормативтік құжаттар қайта қаралды.

Кесте 22 – Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) құқықтық негіздерін талдау

№	Құжаттың атауы	Мазмұны	Не жасалынды
1	2	3	4
1	2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтау саласын дамыту мемлекеттік бағдарламасы. Біртұтас ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыру, басқару және қаржыландыруды жетілдіру.	1) МСАК-ны жетілдіру. Денсаулық сақтауды сапалы жаңа даму деңгейіне көтеру тек медициналық қызметтерді, ең алдымен, МСАК қызметтерін көрсету технологиясын түбегейлі өзгерту арқылы ғана қол жеткізуге болады. - МСАК-ның қолжетімділігін, тиімділігін, сапасын арттыру және оның дамуын қамтамасыз ету үшін кешенді жетілдіру жоспарлануда, оның ішінде жалпы дәрігерлік тәжірибе негізінде МСАК көрсету үшін рационалды формалар мен әдістерді әзірлеу және енгізу. - Профилактикалық бағытты ынталандыру, көрсетілетін қызметтердің спектрін және сапасын кеңейту, қаражатты рационалды және тиімді пайдалану, сондай-ақ медициналық қызметкерлердің мотивациясын арттыру мақсатында МСАК-ға қосымша қаржыландыру көздерін енгізу және тарифке қосымша компонент енгізу жоспарлануда. - Дәрігерлердің кейбір өкілеттіктерін медициналық мейіргерлерге бөлу, дәрігерлер мен орта медициналық персоналдың арақатынасын оңтайлы деңгейге дейін жеткізу;	2012 жылғы 1 тамыздағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының № 519 бұйрығы «Амбулаторлық-емханалық көмекті кешенді басымдық нормасы бойынша ақы төлеуді пилоттық енгізуді жүзеге асыру туралы». 1. Бейінді маманнан бастапқы медициналық-санитариялық көмек дәрігеріне бөлінген консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізімі мен көлемі <u>2-қосымшаға сәйкес</u>; шамамен 100 нозология. 3) Бастапқы медициналық-санитариялық көмек дәрігерінен және бейінді маманнан бастапқы медициналық-санитариялық көмек мейірбикелеріне бөлінген консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізімі мен көлемі ұйымдарының

22 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
		- Көрсетілетін қызметтердің спектрін кеңейту және профилактикалық бағыттылығын ынталандыру, қаражаттың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, ішінара қор иелену және БМСК тарифіне қосымша құрамдауыш енгізу жоспарлануда. - Белсенді патронаж қызметін жетілдіру, оның ішінде қажетті құрал-жабдықтармен және техникалық құралдармен қамтамасыз ету	қызмет нәтижелерін бағалауды және жартылай қаржыландыру моделін ескере отырып, тарифке қосымша компонент енгізу, амбулаторлық-емханалық ұйымдар мен басқа медициналық қызмет көрсетушілер арасындағы өзара қатынастарды реттеу бойынша нормативтік базаны әзірлеу және арнайы даярланған кадрларды даярлау.
2	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 17 тамыздағы № 479 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 5 қаңтардағы № 7 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» «Амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту»	Учаскелік дәрігердің кейбір функциялары учаскелік медициналық мейіргерлерге бөлінген, атап айтқанда — жедел жәрдеммен байланысқан науқастарға қызмет көрсету; үй жағдайында созылмалы аурулармен тіркеуде тұрған науқастарға белсенді патронаж жасау; созылмалы аурулармен ауыратын науқастарға емдеуді жалғастыру үшін тегін рецепт жазып беру; мақсатты топтар арасында скринингтік зерттеулер жүргізу және т.б.	Амбулаторлық-емханалық көмек шығындарын консолидациялау және қызметтерді бөлу: - Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету үшін кешенді төлем нормасы, Кешенді төлем нормасының ынталандырушы құрамдасы. - Дәрігерлердің функцияларын кеңейту; - Орта медицина қызметкері функцияларын кеңейту; - МСАК медициналық қызметкерлерінің мотивациясын арттыру.

22 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
3	2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы. Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен маманданды-рулардың номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкер-лерінің лауазымдарының номенклатурасын және біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы.	1-тарау. Учаскелік дәрігер және (немесе) жалпы тәжірбие дәрігері. 22. Лауазымдық міндеттері: - Пациенттердің профилактикасын, диагностикасын, емін, оңалтуын жүзеге асырады. Науқасты басқару тактикасын анықтайды. Білікті, жедел және басқа да медициналық көмек түрлерін көрсетеді. - Аурулардың ерте және жасырын түрлерін және қауіп факторларын анықтау бойынша жұмыс жүргізеді. Диагностикалық, емдеу-сауықтыру және оңалту іс-шараларының кешенін ұйымдастырады. - Жүктілік диагностикасын, жүктілік ағымын бақылауды, жүкті әйелдердегі экстрагенитальды патологияны анықтауды және емдеуді, босануға психопрофилактикалық даярлықты жүргізеді. Жүктілікке және босануға қарсы көрсетілімдерді анықтайды, жүктілікті үзуге жібереді. Босанғаннан кейінгі кезеңде және жүктілікті үзгеннен кейін әйелдерді оңалтуды жүргізеді.	Жалпы тәжірбие дәрігерлерінің функцияларының шектелуіне алып келді.

22 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
4	2021 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-90 бұйрығы. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ережелерін бекіту туралы.	Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін дәрігерлер (жалпы тәжірбие дәрігері, учаскелік терапевт дәрігері және (немесе) учаскелік педиатр дәрігері) көрсететін медициналық қызметтер тізімі: - Пациентті сауықтыру жоспарын құру; - Отбасын жоспарлау және жүктілікті қауіпсіз тоқтату мәселелері бойынша кеңес беру; - Науқасты өзіндік менеджментті үйрету; - Әлеуметтік маңызы бар аурулар жағдайында науқастың отбасының әлеуметтік мәртебесін бағалау	Жалпы тәжірбие дәрігерлерінің функцияларының шектелуіне алып келді.
5	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығы. Амбулаторлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсету ережелерін бекіту туралы.	Амбулаторлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек консультативті-диагностикалық көмек (КДК) түрінде бейінді мамандармен ауруларды арнайы диагностика, емдеу, медициналық реабилитация әдістерін талап ететін жағдайда көрсетіледі. Амбулаторлық жағдайда ТМККК аясында кіреді: 1) АИТВ-инфекциясының алдын алу және диагностикасы; 2) жарақаттар, уланулар немесе басқа шұғыл жағдайларда қызмет көрсету; 3) әлеуметтік маңызды ауруларды диагностикалау және емдеу; 4) динамикалық бақылауды талап ететін созылмалы ауруларды диагностикалау және емдеу.	Амбулаторлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған медициналық қызметтердің тізімі, кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі аясында, 1-қосымша. Қабылдау, Жасөспірімдер дәрігері, Патронаж: Акушер-гинеколог, Маммография (скринингтік және профилактикалық тексерулер аясында)

22 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
		МӘМС жүйесінде амбулаторлық жағдайда көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмек мыналарды қамтиды: 1) профилактикалық медициналық тексерулер белгіленген тәртіппен және жиілікпен, соның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қамти отырып; 2) бейінді мамандармен қабылдау және консультациялар, сондай-ақ мобильді бригада қызметтері; 3) созылмалы аурулары бар адамдарды бейінді мамандардың динамикалық бақылауы; 4) 2020 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығымен бекітілген тізім бойынша процедуралар мен манипуляциялар.	ТМККК және МӘМС аясында амбулаторлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған медициналық қызметтер тізімі, 2-қосымша: 65 бейінді маманның консультациясы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 1 тамыздағы № 519 "Амбулаториялық-емханалық көмекті кешенді жан басына шаққан норматив бойынша қаржыландыруды пилоттық енгізуді іске асыру туралы" бұйрығына сәйкес (қосымша 1), бейінді мамандардан жалпы тәжірибелі дәрігерге (учаскелік терапевт, учаскелік педиатр) берілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізімі мен көлемі шамамен 100 нозологияны қамтиды.

– Кардиология – артериялық гипертензия (АГ), ишемиялық жүрек ауруы (ИЖА);

– Эндокринология – гипотиреоз, қант диабеті;

– Гастроэнтерология – ойық жара ауруы, гастрит, дуоденит, гепатит;

– Офтальмология – конъюнктивит;

– Неврология – жедел ми қанайналымының бұзылысы, түбіршек зақымданулары;

– Пульмонология – пневмония, созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СОӨА), бронхиалдық астма;

– Акушерлік және гинекология – жүктілікті бақылау;

– ЛОР аурулары – тонзиллиттер, риниттер және т.б.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 17 тамыздағы №479 бұйрығына сәйкес амбулаториялық-емханалық мекемелердің құрылымдары мен функцияларына өзгерістер енгізілді.

Учаскелік дәрігерлердің кейбір функциялары учаскелік медбикелерге берілді. Атап айтқанда: шұғыл медициналық көмек активтерімен жұмыс; диспансерлік есепте тұрған созылмалы аурулары бар науқастарды үйде қабылдау және белсенді патронаж; созылмалы аурулары бар науқастарға емді жалғастыру үшін тегін рецепт жазу; мақсатты топтар арасында скринингтік тексерулер өткізу және т.б.

Халыққа медициналық көмекті жақындату, оның қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған мақсатында бастапқы медициналық-санитариялық көмекті (МСАК) жетілдіру бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылды.

1. Жалпы тәжірбие дәрігерлерін қайта даярлау, интернатура арқылы жүзеге асырылды, қазіргі уақытта резидентура арқылы даярлау қамтамасыз етілді.

2. Жалпы тәжірбие дәрігерлерінің функцияларын жеңілдету барысында бейінді мамандардың кейбір функцияларын бөлу арқылы, жалпы тәжірбие дәрігерлерінің күнделікті қабылдаулардан босату, мейіргерлік қабылдауды енгізу, учаскелік мейіргерлердің санын 3-ке дейін арттыру және дәрігерлік учаскелерді 1700 тіркелген халыққа дейін қысқарту арқылы кеңейтілді.

Талдау кестесінде көрсетілгендей, МӘМС жүйесін енгізгеннен кейін жалпы тәжірбие дәрігерлерінің функцияларына айтарлықтай өзгерістер енгізілді, олар тиісті нормативтік құжаттармен қолдау тапты: бейінді мамандардың қызметтері іс жүзінде толықтай МӘМС бағдарламасымен қамтылды, ал жалпы тәжірбие

дәрігерлерінің функциялары 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-305/2020 Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулардың номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлерінің лауазымдарының номенклатурасын және біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес ТМҚКК пакетімен және профилактикалық іс-шаралармен шектелді. МСАК деңгейінде медициналық қызметтерді кешенді түрде көрсету жүйесінің бөлінуінің нәтижесінде жалпы тәжірбие дәрігерінің функцияларының тарылуы (олардың диспетчерге айналуы), олардың мамандықтарына қызығушылығын төмендетіп, БСАК көрсететін мекемелерде кадр жетімсіздігін ұлғайтып жатыр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын талдау көрсеткендей, орта буынды мамандардың қызметтерінің тізбесінде ешқай айырмашылық жоқ, яғни мамандарды пайдалану тиімсіздігі төмен, кейбірі дәрігердің қызметімен бірдей, яғни қайталанатын қызметтер (23-кесте).

Кесте 23 – Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің медицина қызметкерлері (фельдшер, акушер, орта және (немесе) жоғары медициналық білімі бар мейіргер) көрсететін медициналық қызметтердің тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы 1-қосымша

№	Тарау	Қызметтер		
1	2-тарау. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету тәртібі	Фельдшер: Аурулардың профилактикасы сұрақтары бойынша халықты оқыту; Пациентті өзіндік менеджментке оқыту; Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру; Медициналық оңалтудың кешенді қызметтері;	Жоғары білімі бар мейіргер (Орташа білімі бар мейіргер): Аурулардың профилактикасы сұрақтары бойынша халықты оқыту; Пациентті өзіндік менеджментке оқыту; Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру; Медициналық оңалтудың кешенді қызметтері	Акушерка: Пациентті өзіндік менеджментке оқыту; Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру; Жүкті әйелдерді және отбасы мүшелерін босануға дайындау мектебі

Мамандардың қызметтерін толық және тиімді анықтамау, мамандар арасында қосарланған жұмыс атқаруына алып келеді, яғни қызмет тиімділігі төмендейді, мамандардың өз қызметтеріне көңілінің толмауы артады.

С. Қайырбекова атындағы Денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығының 2024 жылғы дерегі бойынша жалпы тәжірбие дәрігерлерінің арасында кадрлардың ауысуы кейбір аймақтарда 40% асқан.

4.2. МӘМС жағдайында МСАК көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық және экономикалық тұрғыдан ғылыми негізделген жүйесі

Денсаулық сақтауды сапалы жаңа даму деңгейіне көтеру тек медициналық қызметтерді, ең алдымен, МСАК қызметтерін көрсету технологиясын түбегейлі өзгерту арқылы ғана қол жеткізуге болады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшу Қазақстанда медициналық көмектің қаржыландыру механизмін түбегейлі өзгертіп, алғашқы медициналық-санитариялық көмектің (МСАК) рөлін күшейтті. Халықтың денсаулығын нығайту, ауруларды ерте анықтау, тиімді басқару және шығындарды тиімді үлестіру – МСАК-тың негізгі стратегиялық бағыттары болып табылады. Осыған байланысты МӘМС аясында МСАК қызметінің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктерді жетілдіру ерекше мәнге ие. МӘМС жағдайында МСАК көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін медициналық ұйым тек клиникалық емес, сонымен бірге экономикалық және менеджменттік әдістерді қатар дамытуды қажет етеді.

МСАК - тің жұмысын заманауи ұйымдастыру "жеке, реактивті моделінен" командалық, профилактикалық және цифрлық модельге біртіндеп ауысып жатыр.

1. Топтық жұмыс (team-based care) Жалпы тәжірибелік дәрігер оқшауланбай, команда құрамында жұмыс істейді. Бұл әсіресе созылмалы аурулардың өсуіне және мультиморбидтілікке байланысты маңызды о профилактикалық тексерулер және скрининг. Медициналық көмекті үйлестіру ЖТД алғашқы медициналық көмек, бейінді мамандар, стационар, оңалту және әлеуметтік қызметтер арасындағы пациенттің маршрут үйлестірушісі болады.

2. Жаңа ұйымдастырушылық модельдер. Кеңейтілген жалпы дәрігерлік практика, интеграцияланған медициналық - әлеуметтік көмек, мамандандырылған амбулаториялық көмек орталықтары және үйдегі клиникалар сияқты форматтар енгізілуде.

Орта медициналық персоналдың рөлін кеңейту. Дәрігерлерді түсіруге және базалық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беретін дербес мейіргерлік қабылдау енгізілуде.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020. Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын

бекіту туралы бұйрығына сәйкес 7R09138 - Отбасылық медицина мамандығы бойынша резидентура бағдарламасы бойынша мамандар дайындалып жатыр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына сәйкес, Отбасылық дәрігер – отбасы мүшелеріне бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша арнайы көпбейінді даярлықтан өткен және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатына ие дәрігер, яғни бейінді мамандардың бірқатар функциялары орындай алады. Жаңа кәсіби деңгейде дайындалған мамандарды толыққанды және тиімді пайдалану үшін қолданыстағы нормативті құжаттарды жетілдіру қажет.

МСАК деңгейінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру бағытында үнемді технологияның негізгі принциптерін пайдалану қажет. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуде үнемді өндіріс қағидаттарын пайдалану ақауларды болдырмауға, күту уақытын қысқартуға, пациенттердің қанағаттанушылығын арттыруға, медицина қызметкерлерінің еңбек шығындарын азайтуға, еңбек сапасы мен өнімділігін арттыруға бағытталған.

Үнемді технологияның негізгі қағидалары шетелдік авторлардың көпшілігінің пікірінше жалпы дәрігерлік (отбасылық) практикалар қызметіне ақы төлеудің жан басына шаққандағы қаржыландырудағы неғұрлым қолайлы нысаны деп санайды (Потапов И.В., Овчинников Д.А., В.А. Бойков, 2020, С.В. Барановская, 2021).

Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылдан бастап амбулаториялық мекемелерде еңгізілуге ұсынып отырған ішінара қор ұстау тәсілі қызмет көрсетушілерді неғұрлым экономикалық тиімді әрекеттерге итермелеген жаңа жүйе. Бұл ретте жан басына шаққандағы нормативте ЖТД өз қызметіне ғана емес, амбулаториялық-емханалық буынның басқа қызметтеріне де ақы төлеу көзделеді.

Қор ұстаудың артықшылықтары - еңбек қарқындылығын арттыруға үнемді технологияның негізгі принциптерін пайдалануға мүмкіндік береді, алғашқы буындағы медициналық көмектің сапасын арттырады.

МСАК мекемелерінің медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар схемасы төменде келтірілген (31-сурет).



Сурет 31 – МСАК мекемелерінің медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту сызбасы

1. Қолжетімділікті арттыру. Сауалнама нәтижесі бойынша пациенттердің 42%-ы дәрігер қабылдауына уақытылы жазыла алмады. Бұл МСАК қызметтерінің қолжетімділігінің төмендігін көрсетті. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында қолжетімділік қағидаты негізгі ұстанымдардың бірі болып белгіленген. Осыған байланысты алдын ала жазу жүйесін жетілдіру, қабылдау уақытын тиімді жоспарлау және мамандардың функционалдық міндеттерін қайта қарау қажет.

2. Пациенттерді стратификациялау - бұл емдеу нәтижесіне, асқыну қаупіне немесе басқа клиникалық параметрлерге әсер етуі мүмкін белгілі бір критерийлерге немесе сипаттамаларға негізделген пациенттерді біртекті кіші топтарға (қабаттарға) бөлу процесі. Мұндай бөлудің мақсаты - емдеуді, оңалтуды, тәуекелдерді бағалауды немесе зерттеуді дәлірек жоспарлау үшін топтар құру.

Жиналған ақпарат негізінде пациенттер тәуекел (қатерлі) топтарының біріне жатады:

- төмен қатерлі. Негізінен сау адамдар, олар үнемі скринингтер мен профилактикалық тексерулерді қажет етеді.

- орташа қатерлі. Бір бақыланатын созылмалы ауру бар-пациентті бақылау және оқыту қажет.

- жоғары қатерлі. Бақыланбайтын созылмалы ауру, бірнеше қатар жүретін аурулар, дәрі-дәрмектердің күрделі өзара әрекеттесуі. Мұндай пациенттерге көбінесе арнайы қолдау бағдарламалары қажет: жиі бару, үйде патронаж, пациенттер мектептері.

- -те жоғары қатерлі. Ауыр, өмір сүру ұзақтығын шектейтін аурулар - бұл жерде паллиативті көмекпен үйлестіру қажет болуы мүмкін

Стратификациядан кейін әр топ үшін өз траекториясы құрылады: емтихандардың жиілігі, емтихандар жиынтығы, бейінді мамандардың кеңестерінің қажеттілігі, пациентті оқыту бағдарламалары (мысалы, қант диабеті немесе гипертония). Бұл тәсіл көмекті жекелендірілген және тиімді етуге, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің ресурстарын ұтымды пайдалануға көмектеседі

3. Медицина қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін қайта қарау. Кеңейтілген жалпы дәрігерлік практика, интеграцияланған медициналық - әлеуметтік көмек ұйымдастыру МСАК қызметкерлерінің функцияларын реттеуді (психологтар, әдеуметтік қызметкерлер, орта буын т.б.) қажет етеді, себебі зерттеу көрсеткендей қызметтері кәсіби деңгейіне сәйкес нақтыланбау қызметтердің қосарлана атқарылуына, науқастардың негізсіз әртүрлі мамандарға жүгінуіне және медициналық көмектің сапасын төмендетіп, қосымша шағым тууына алып келеді. Бұл үшін пациенттерді маршруттау бизнес-процестерін кеңінен қолданып, оның технологиясын кәсіби түрде игері керек.

МСАК-та қызмет сапасының маңызды көрсеткіші – пациенттің клиникалық жолының нақты және жылдам ұйымдастырылуы. Стандарттарға сай маршруттау схемаларын әзірлеу келесі нәтижелерге жеткізеді:

- күту уақытын қысқарту;
- бейінді мамандарға түсетін шамадан тыс жүктемені азайту;
- пациенттің жоғалып кетуін болдырмау;
- жедел кері байланыс пен бақылау жүйесін қалыптастыру.

Бұл процесті электрондық ақпараттық жүйелермен автоматтандыру тиімділікті арттырады.

4. Кадрларды даярлау. Зерттеу барысында ЖТД дәрігерлерінің 30%-ы менеджмент пен экономика негіздерін білмейтіні анықталды. Бұл учаскелік деңгейде ресурстарды тиімсіз пайдалануға алып келеді. Сондықтан оқу бағдарламасына менеджмент пен экономика пәндерін енгізу, практикалық дағдыларға басымдық беру және WONCA-ның халықаралық стандарттарын қолдану қажет.

5. Құжаттама және сапаны бақылау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дәрігерлердің 27%-ы артық құжаттамаға уақыт жоғалтатынын мойындады. Дәрігерлердің компьютерді пайдалану мүмкіндігін арттыру, жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. ҚР ДСМ №135/2020 бұйрығында электрондық құжаттама енгізу көзделгенімен, іс жүзінде толық орындалмаған. Осыған байланысты медициналық құжаттаманы оңтайландыру, электрондық жүйелерді дамыту және сапаны басқару комитеттерін енгізу қажет.

5. Тиімділік көрсеткіштерін енгізу. Дәрігерлерге кезек күту, консультацияларды ұзақ күту және бір тексеру үшін емханаға бірнеше рет бару қажеттілігі қазақстандықтардың наразылығының ең көп тараған себептерінің бірі болып қала береді.

Қазіргі қолданыстағы индикаторлар МСАК қызметінің кешенді бағасын бермейді. Мысалы, жедел жәрдем және стационарлық қызметтің көрсеткіштерімен үйлесімсіздіктер бар. Сондықтан бірыңғай индикаторлық жүйе әзірлеу қажет, оған қолжетімділік, сапа, тиімділік, кадрлық және инфрақұрылымдық индикаторлар кіруі тиіс. Бұл жүйе МСАК сапасын ұлттық деңгейде бағалауға мүмкіндік береді.

6. Нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру. Қолданыстағы стандарттар мен талаптар халықаралық тәжірибеге толық сәйкес емес. WONCA стандарттарымен салыстырғанда бірқатар олқылықтар бар. Сондықтан нормативтік-құқықтық актілерді өзектендіру және МСАК мамандарының құзыреттерін қайта қарау қажет.

Ішінара қор ұстауды енгізуді ескере отырып, ЖПД және БМД (бейінді маман дәрігер) функционалына қосымша енгізу керек. Мәселенің бір шешімі – бейінді мамандардың (кардиолог, эндокринолог, невропатолог және т.б.) функцияларының белгілі бір бөлігін жалпы практика дәрігерлері (ЖПД) мен орта медициналық қызметкерлерге (ОМК) беру. Амбулаториялық деңгейде белгілі қызметтерді қосымша жеткізуші форматына (жеке жеткізушілер) беру – медициналық көмектің инновациялық технологиялардың енуіне, түрлерін көбейтуге, сапалық бәсекелестікті арттыруға және шығынды төмендетуге бағытталған шара.

Бұл тәсілдер медициналық ұйымға екі артықшылық береді:

- мамандандырылған көмектің шамадан тыс жүктелуін азайту;
- пациентке жедел, қолжетімді, үздіксіз қызмет көрсету.

7. МСАК тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлем жүйесін түбегейлі жетілдіру қажет. Бұл арқылы бір емдік емханадан топтық емдеу клиникасына, дәрігерге бағытталған емдеу қызметінен мультидисциплинарлы мамандарды қамтитын алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бригадасының қызметіне және ақылы төлем жүйесінен аралас әдіске ауысуға мүмкіндік беру керек.

8. Денсаулық сақтау саласында үнемді технологияларды қолдану - денсаулық сақтаудағы медициналық қызметтің қауіпсіздігі мен сапасын, көрсетілетін қызметтің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз ететін медициналық көмек. Бұл бағытта басқа мемлекеттерде енгізілген "үнемді" емхана- пациенттердің мүдделерінің басымдығын сақтауға бағытталған, пациентке медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру оның уақытын ұтымды пайдалануды ескере отырып, жоғары- медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету- медициналық қызмет көрсету жағдайларының жайлылығы, көрсетілген қызметтер деңгейіне қанағаттанушылықты арттыру.

Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылдан бастап амбулаториялық мекемелерде енгізілуге ұсынып отырған ішінара қор ұстау тәсілі қызмет көрсетушілерді неғұрлым экономикалық тиімді әрекеттерге итермелеген жаңа жүйе. Бұл ретте жан басына шаққандағы нормативте ЖТД өз қызметіне ғана емес, амбулаториялық-емханалық буынның басқа қызметтеріне де ақы төлеу көзделеді.

Үнемді технологияның негізгі қағидалары шетелдік авторлардың көпшілігінің пікірінше жалпы дәрігерлік (отбасылық) практикалар қызметіне ақы төлеудің жан басына шаққандағы қаржыландырудағы неғұрлым қолайлы нысаны деп санайды.

Қор ұстаудың артықшылықтары - еңбек қарқындылығын арттыруға үнемді технологияның негізгі принциптерін пайдалануға мүмкіндік береді, алғашқы буындағы медициналық көмектің сапасын арттырады.

Қазақстандағы "Қамқор емхана" тұжырымдамасы алғашқы медициналық-санитарлық көмекті (МСАК) неғұрлым ыңғайлы, қауіпсіз және пациентке бағдарланған етуге бағытталған өзгерістердің тұтас жүйесі. Басты мақсат-адамдардың амбулаториялық жағдайда медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттануын арттыру. Ол үшін емханалар жұмысының логикасы өзгертіледі: алдын алуға, ауруларды ерте анықтауға және барлық буындардың үйлесімді жұмысына баса назар аударылады. Тұтастай алғанда, "Қамқор емхана" тұжырымдамасы-жүйені неғұрлым белсенді, пациентке бағдарланған және тиімді етуге бағытталған Қазақстандағы МСАК-ты неғұрлым кең реформалаудың бір бөлігі.

Ұсынылған іс-шаралар МСАК - тың үздік тәжірибелер орталықтарында жинақтап, «үнемді емхана» пилоттық жобасын енгізіп, тиімді әдістерді масштабтауға мүмкіндік береді. Медициналық ұйымның жаңа моделі «үнемді алғашқы медициналық-санитарлық алғашқы көмек " - бұл медициналық пациенттің қажеттіліктеріне бағытталған, негіз ретінде пациенттің уақытын ұтымды пайдалану құндылығын ескере отырып, оған медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, медициналық қызмет көрсету жағдайларының жайлылығын қамтамасыз етуге, көрсетілген қызметтер деңгейіне қанағаттанушылықты арттыруға бағытталған.

Басты мақсат-адамдардың амбулаториялық жағдайда медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттануын арттыру. Ол үшін емханалар жұмысының логикасы өзгертіледі: алдын алуға, ауруларды ерте анықтауға және барлық буындардың үйлесімді жұмысына баса назар аударылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. 2020–2024 жылдар аралығындағы МӘМС жүйесінде қамтылған адамдардың саны 81,3 % -82,4 % аралығында болды. Жарна төлеу тәртібінің уақтылы орындалмауына байланысты МӘМС қамтылған адамдардың саны мен медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар саны арасында алшақтық 1-1,9 млн (8,4–10,0%) адам болды.

2. 2020-2024 жылдар аралығында емханаға барған науқастардың жалпы тәжірибелі дәрігерлерге $52,62 \pm 0,24\%$ дан $44,3 \pm 0,12\%$ дейін төмендеген, негізгі 8 бейінді мамандарға жүгіну $44,51 \pm 0,24\%$ дан $51,46 \pm 0,12\%$ ға, мамандандырылған бейінді мамандарға $2,90 \pm 0,08\%$ дан $5,27 \pm 0,06\%$ -ға өскен, яғни бейінді мамандарға қолжетімділік арта бастаған. Талдау кезінде анықталған медициналық көмектің ақаулар саны тұрақты түрде өсіп отырған, сәйкесінше қаржылық алып қою көлемі де айтарлықтай артқан медицина мекемелерінің басқару деңгейінде олқылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілмегенін көрсетеді және де ішкі аудит қызметінің нәтижесінің жаңа талаптарға сай келмегенін көрсетеді.

3. Талдау нәтижелері медициналық кеңес-диагностикалық қызметтердің 10000 сақтандырылған халыққа қолжетімділігі анықталды. Қызмет көрсету туралы сандық деректерді талдау халықтың әртүрлі топтары үшін қызметтердің қолжетімділік деңгейін және сұраныс көлемін анықтауға, шығындарды оңтайландыруға және алғашқы медициналық көмек жүйесінде ресурстарды тиімді пайдалануға көмектеседі.

4. Сауалнаманың нәтижесінде респонденттердің көпшілігінде (83,6%) емхананы тандау еркіндігі болды. Мамандарға жүгінудің негізгі бөлігі (67,0%) жалпы тәжірибелік дәрігерге жіберілді. Күту ұзақтығы: Азаматтардың жартысы (53,3%) 15 минуттан аз уақыт тіркеуді күтті, бұл медициналық қызметтердің қолжетімділік деңгейін көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың тек 27,0%-ы көрсетілетін қызмет сапасына толық қанағаттанатынын, 42,4%-ы жартылай, ал 30,6%-ы мүлдем қанағаттанбайтынын көрсетті. Күндізгі стационарға барған кезде респонденттердің тек 14,3% — ы медициналық қызметтер үшін қосымша ақы төледі, ал 34% - ы дәрі-дәрмектер үшін төледі.

5. АМСК қызметтерінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған институционалдық өзгерістерді және үнемді технологияның негізгі принциптерін пайдалану МССК қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға, ұйымдастырушылық тиімділігін күшейтетін негізгі факторлар болып табылады және бастапқы медициналық көмектің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта әзірленген төмендегі тәжірибелік ұсыныстар міндетті медициналық сақтандыру жағдайында алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

Тәжірибелік ұсыныстар

1. Өңірлік денсаулық сақтау басқармаларына, медициналық мекемелердің басшыларына кешенді зерттеулердің нәтижелері, халықтың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, медициналық көмектің сапасын арттыруға және қолжетімділікті

қамтамасыз етуге инновациялық тетіктерді тиімді бағыттарын анықтауда пайдалануға болады.

2. Медициналық мекемелердің басшыларына, құрылымдарының жетекшілеріне МСАК қызметкерлерінің функцияларын реттеуде цифрлық технологиялар мен бизнес-процестерін кеңінен қолдану, оңтайландырылған алгоритмдерін әзірлеу және енгізуге көмектеседі.

3. Денсаулық сақтау саласында үнемді технологияларды қолдану және "Қамқор емхана" бағдарламасын белсенді енгізу - денсаулық сақтаудағы медициналық қызметтің қауіпсіздігі мен сапасын, көрсетілетін қызметтің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде пайдалану керек.

4. Мамандарды даярлау, үздіксіз білім беру, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу үшін өңірлік оқу-практикалық орталықтар құру алғашқы медициналық - санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын кешенді бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу үшін негіз бола алады.

5. Медициналық мекемелердің басшыларына қоғамдық ұйымдармен және қоғамдастық өкілдерімен белсенді қарым-қатынас жасау қажеттіліктер мен кемшіліктерді анықтау үшін, туындаған мәселелерді ұтымды шешу үшін бірлескен бағытта шараларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Бұл тәжірибелік ұсыныстар міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын кешенді бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу үшін негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, №360-VI. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 4-бап. Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>
2. Қазақстан Республикасы. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, №405-V ҚРЗ, 2015 жылғы 16 қараша. Қолданысқа енгізілу күні: 2020 жылғы 1 қаңтар. Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000405>
3. Shurenova M.B., Kurakbayev K.K., Karatayev M.M. Availability and quality of primary health care in the compulsory health insurance system in Kazakhstan // Medicinski Glasnik. – 2024. – Vol. 21, No. 1. – P. 00–00. (Q2, процентиль – 65).
4. Plsek P.E., Greenhalgh T. The challenge of complexity in health care. // BMJ. – 2001. – Vol. 323(7313): 625–628. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC1121189>
5. World Health Organization (WHO). Framework for action on interprofessional education and collaborative practice. – Geneva: WHO, 2010. <https://www.who.int/publications/i/item/framework-for-action-on-interprofessional-education-collaborative-practice>
6. World Health Organization (WHO). Everybody's Business: Strengthening Health Systems to Improve Health Outcomes. – WHO's Framework for Action, Geneva, 2007. https://www.who.int/healthsystems/strategy/everybodys_business.pdf
7. World Health Organization (WHO). Health systems financing: the path to universal coverage. World Health Report 2010. – Geneva: WHO, 2010. <https://www.who.int/whr/2010/en/>
8. Starfield B. Primary Care: Concept, Evaluation, and Policy. – Oxford University Press, 1992.
9. World Health Organization (WHO) & UNICEF. Declaration of Astana. Global Conference on Primary Health Care, 2018. <https://www.who.int/docs/default-source/primary-health/declaration/gcphc-declaration.pdf>
10. Koornneef E., Robben P., Blair I. Healthcare reform in the United Arab Emirates: An analysis of strategy and results. // Health Policy and Planning. – 2012. – Vol. 27(5): 435–443. <https://doi.org/10.1093/heapol/czs004>
11. International Labour Organization (ILO). Women and Men in the Informal Economy: A Statistical Picture. – Third edition. – Geneva: ILO, 2018. https://www.ilo.org/global/publications/books/WCMS_626831/lang--en/index.htm
12. OECD. Health at a Glance: Europe 2022. – Paris: OECD Publishing, 2022.
13. Kringos D.S., Boerma W.G.W., Hutchinson A., Saltman R.B. Building Primary Care in a Changing Europe. – WHO Regional Office for Europe, 2015.
14. Rechel B., Jakubowski E., McKee M., Nolte E. Organization and financing of public health services in Europe: Country reports. – WHO Regional Office for Europe, 2018.

15. Қазақстан Республикасы. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, №360-VI, 2020 жылғы 7 шілде. → 87-бап, 1-тармақ және 90-бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>
16. World Health Organization (WHO). Pulse survey on continuity of essential health services during the COVID-19 pandemic. – Geneva: WHO, 2021. <https://www.who.int/publications/i/item/9789240037227>
17. Шуренова М.Б., Құрақбаев Қ.Қ., Каратаев М.М. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медико-санитарлық алғашқы көмектің қолжетімділігі мен сапасын кешенді бағалау // Фармация Казахстана. – 2023. – №3. – Б. 234–239.
18. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. "eHealth" – электрондық денсаулық сақтау жүйесін дамыту тұжырымдамасы (2020–2025 жж.)
19. Шуренова М.Б., Құрақбаев Қ.Қ., Каратаев М.М. Анализ количественных и качественных показателей, характеризующих доступность и качество оказываемых услуг первичной медико-санитарной помощи // Фармация Казахстана. – 2024. – №2. – С. 165–172.
20. National Academy of Sciences (NAS), USA. Hospital volume and quality of care: Resources and outcomes. – Washington, DC: NAS, 2005.
21. World Bank. Health Financing Revisited: A Practitioner's Guide. – Washington, D.C.: World Bank, 2006.
22. OECD/WHO. OECD Reviews of Health Systems: Switzerland 2011. – Paris: OECD Publishing, 2011. <https://doi.org/10.1787/9789264121500-en>
23. World Bank. Out-of-pocket expenditure and access to health care in low-income populations. – Washington, D.C.: World Bank, 2020.
24. Pauly M.V., Blavin F.E. Moral hazard in insurance and how to handle it. // Handbook of Health Economics, Volume 2, 2012.
25. Burström B., Whitehead M., Clayton S., Fritzell S., Vannoni F. Health equity in Sweden: The role of voluntary health insurance. // International Journal for Equity in Health. – 2017. – Vol. 16, Article 9. <https://doi.org/10.1186/s12939-017-0510-2>
26. Häkkinen U., Lehto J. Reforming health care in Finland: the fate of efforts to reduce inequalities. // Journal of Health Politics, Policy and Law. – 2005. – Vol. 30(1-2): 231–252.
27. Richardson E., Malakhova I., Novik I., Famenka A. Health systems in transition: Belarus health system review. // WHO Regional Office for Europe, 2013.
28. Jehu-Appiah C., Aryeetey G., Spaan E., Agyepong I., Baltussen R. Household perceptions and their implications for enrolment in the National Health Insurance Scheme in Ghana. // Health Policy and Planning. – 2011. – Vol. 27(3): 222–233. <https://doi.org/10.1093/heapol/czr032>
29. Mazza D., Pearce C., Turner L.R., et al. General Practice and the Chronic Disease Management Plan: The Medicare items and the evidence. // Medical Journal

of Australia. – 2010. – Vol. 193(2): 95–99.
<https://www.mja.com.au/journal/2010/193/2>

30. World Health Organization (WHO). Tracking universal health coverage: 2023 global monitoring report. – Geneva: WHO & World Bank, 2023.
<https://www.who.int/publications/i/item/9789240074345>

31. Biggs A. Medicare – Background Brief. – Parliament of Australia, 2016.
